



ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІНІҢ НАЗАРЫНА!

## БІР ҚИСЫҚ СӨЗ ҮШІН БҮКІЛ ЕҢБЕКТІ ЖОҚҚА ШЫҒАРУ ҚИСЫНСЫЗ



2022 жылдың 2 ақпаны күні құрамында Ақтөбе облыстық сотының судьясы Е.Жапаров, сот отырысының хатшысы С.Сұлтанова қатысқан іс бейнеконференц байланыс арқылы қаралады. Сот отырысына әкімшілік жауапкершілікке тартылған Е.Тайпанов пен оның қорғаушысы А.Мурзағалиева қатысқан. 2021 жылдың 23 желтоқсан күні Ақтөбе қаласы әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының Е.Тайпановқа қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 592-бабы үшінші бөлігімен қаулысы шыққан болатын. Дыбыс және бейнежазу құралдарын қолдана отырып өткізілген ашық сот отырысында жоғарыдағы қаулыға қатысты Е.Тайпановтың шағымы қаралды.

(Соңы 5-бетте)

АЛТЫН КӨПІР

## ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫ АСТАНАДА

Елордамыз тағы да дүниежүзілік диалог алаңына айналып, төрткіл дүниенің назарын өзіне аударды. Яғни, осы сәрсенбіде Тәуелсіздік сарайында әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі ашылды. Пандемия басталғалы алғаш рет өткізіліп отырған форумға 50 елден 100-ден астам делегация өкілдері жиналды. Бұл беделді саясаткерлер, ислам, христиан, иудаизм, буддизм және басқа да конфессиялардың діни жетекшілері. Қатысушылар арасында Ватикан басшысы, Рим Папасы Франциск, әл-Азхардың жоғарғы имамы шейх Мұхаммед Ахмад Ат-Тайеб, Волоколамск митрополиті Энтони болды.

Баспасөз орталығында әлемнің жетекші БАҚ өкілдері де көптеп жиналды. Бүгінде 200-ге жуық журналист бұл форумнан дүниежүзіне тікелей ақпарат таратуда. Съезд дұға үшін бір минут үнсіздікпен басталды. Форумға қатысушылар осы сәтте ойша бірігіп, рухани дағдарыс, жаһандық шиеленісті бастан кешіп жатқан адамзатты өзара ықпалдастыққа шақыру мақсатында іштей ұғынысып, ойша біріккендей болды.

Съезд «Пандемиядан кейінгі кезеңдегі әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы рөлі» тақырыбындағы пленарлық мәжіліспен ашылды. Оның тізгінін Қазақстан Республикасы Парла-

менті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев ұстады. Шараны ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ашты.

Мемлекет басшысы мәртебелі қонақтарға арнаған сөзінде өзгеріске толы әрі белгісіздік белең алған қазіргі заманда бұл басқосудың айрықша мәні бар екенін атап өтіп, Қазақстанның съезд өткізу бастамасына қолдау көрсеткен Біріккен Ұлттар Ұйымының, басқа да халықаралық ұйымдардың басшыларына, саясаткерлерге және сарапшыларға алғысын білдірді. Осынау алқалы жиынды өткізуге еліміздің айрықша ынта таныту себебін ортаға салды. Қазақ жері ғасырлар бойы батыс пен шығыстың арасын-

дағы алтын көпір болып келе жатқанын, Ұлы дала төрінде небір алып көшпелі империялар өмір сүргеніне тоқтала келіп, діни ұстамдылық – олардың бәріне ортақ сипат болғанына назар аударғанын.

Қ. Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан халқы әртүрлі өркениеттер мен діндердің дәстүрлерін, толеранттылық пен ашықтық рухын бойына сіңірді. Сондықтан «әртүрліліктегі бірлік» қағидасы біз үшін іргелі. Қазіргі таңда Қазақстанда 100-ден астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр, 18 конфессияның өкілі болып табылатын 4000-ға жуық діни бірлестіктер еркін жұмыс істейді. Бұл еліміздің баға жетпес байлығы және бірегей артықшылығы. Еліміздегі және бүкіл әлемдегі диалог пен ынтымақтастықты нығайту – Қазақстан саясатының маңызы. Бүгінгі конгресс – соның айқын көрінісі. Осыған дейін өткен форум декларацияларында радикализм, зорлық-зомбылық және қактығыстар табанды түрде сыналды. Қандай идеялар желеу етсе де, мұндай әрекеттерді еш ақтауға болмайды.

(Соңы 2-бетте)

СҮЙНІШ!

## БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

### БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

### БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

### ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

### Ал, құрметті оқырман!

**БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!  
ІСКЕ СӨТ!**



ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫРЫ

## ЖАҢА ТӨЛЕМ МЕХАНИЗМІ КІМГЕ ТИІМДІ?

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУҒА ЖАРНАЛАРДЫ ТӨЛЕУДІҢ ЖАҢА ТЕТІГІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. БҰЛ ШАРА 5 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАЛДЫ. ОНЫ «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» МӘРТЕБЕСІ БАР, СОНДАЙ-АҚ, ЖҮЙЕГЕ ЕШҚАШАН ТӨЛЕМ ЖАСАМАҒАН НЕМЕСЕ ОНЫ ЖҮЙЕСІЗ ЖАСАҒАН БАРЛЫҚ ДЕРБЕС ТӨЛЕУШІЛЕР ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ. БҮГІНДЕ ШАМАМЕН 3,4 МЛН АДАМ ТҰРАҚТЫ ТАБЫСЫНЫҢ НЕМЕСЕ ЖАЛПЫ ТАБЫСЫНЫҢ БОЛМАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕН ТЫС ҚАЛЫП ОТЫР.

Бұл оларға жоспарлы және жоғары технологиялық медициналық көмекке, аурулардың алдын алуға және медициналық диагностикаға қол жеткізуді қиындатады. Президент сақтандырылмаған азаматтарды МӘМС жүйесіне тарту бойынша шұғыл шаралар қабылдау қажеттілігі туралы бірнеше рет айтқан. Жаңа төлем механизмі бұған ықпал етеді деген үміт бар.

(Соңы 3-бетте)

## СОТ СӨЙЛЕСІН

## АЛТЫН КӨПІР

Сот тарихын ел тарихынан бөліп қарай алмаймыз. Тәуелсіздігіміз орнағаннан бері мемлекетімізде сот жүйесінің тек ілгерілеуін көріп келеміз. Осы жылдар ішінде қызмет көрсету автоматтандырылып, электронды сервистер көптеп іске қосылды. Ал, заңдар жетілдіріліп, судьяларға қойылатын талаптар қатайды.

## СОТ БЕДЕЛІН КӨТЕРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Реформаның алғашқы жылдарында сот-құқық қорғау органдарына қатысты мәселелер қозғалғанда, Қазақстан қоғамдастығына әкімшілік және құқықтық реформаны демократизациялау қажет екені туындады. Халықтың сот жүйесіне деген сенімі, оның ашықтығы мен қолжетімділігі арқылы халықаралық стандарт талаптарына сай сот жүйесі құрылды. Тұрақты түрде сот құрылымдары жетілдіріліп, судьялардың мәртебесін көтеру, олардың тәуелсіздігінің әлеуметтік кепілдігін күшейту, материалдық-техникалық жағдайларын жақсарту бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда.

Қазір республикада барлық соттар заманауи әрі әлемдегі озық техникалармен жабдықталды. Заңдар жанартылып, сот құзыреті шеңберінің кеңеюіне, сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуіне жаңа серпін берді. Ал алқабилер, медиация институттары, әкімшілік әділет жүйесі, соттардағы электронды сервистер – құқықтық реформаны демократизациялау үрдісінің бір нышаны деп санау қажет.

Сот жүйесінің беделін нығайту және судьялардың жоғары кәсіби біліктілігін қалыптастыру – ешқашан назардан тыс қалған мәселе емес. Осы айда жарияланған Президент жолдауында да бұған айрықша мән берілді. Алдағы уақытта сот жүйесінде кадрлық өзгерістер орын алады деп күтілуде. Президент кадрларды қайта іріктеп, жаңартып жасақтауды, барлық судьялардың мәртебесін теңестіруді тапсырды. Оның ішінде, сот төрағасы мен алқа төрағасын судьялардың сайлауына беру туралы ұсынысы әр судьяның мәртебелік құқығын көтеріп таптады.

Жалпы, жасалып жатқан жұмыстар азаматтар мен заңды тұлғалардың заңмен көзделген

құқықтары мен мүдделерін заң тұрғысында жоғары деңгейде жүзеге асыруына және сотқа деген сенімнің арта түсуіне жасалған мүмкіндік.

Тәуелсіз елдің сот жүйесі тиімді реформалардың салдарынан жаңа сапалы деңгейге көтеріліп, халықаралық жоғары бағаға ие болуда. Біздің елдің құқықтық жүйесін үлгі тұтатын елдер аз емес. Қазақстанның сот жүйесі «Соттардың тәуелсіздігі» өлшемі жөнінен Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингінде өз көрсеткішін жылдан жылға жақсартып отыр. Заңдардың сақталуы, азаматтық сот төрелігі, қылмыстық сот төрелігі және басқа да көрсеткіштер бойынша да Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттерден алда келеді. Білік институттары өкілеттігін шектеу, сыбайлас жемқорлықты болдырмау, тәртіп және қауіпсіздік, негізгі құқықтарды қорғау, білік институттарының ашықтығы, заңдардың сақталуы, азаматтық сот төрелігі, қылмыстық сот төрелігі тәрізді негізгі сегіз көрсеткіш бойынша бағаланатын заңның үстемдік құру индексі бойынша да рейтингіміз жақсы.

Тәуелсіздікпен бірге түлеген сот жүйесі 30 жылда айтарлықтай жетістікке жетіп, халықтың сеніміне ие боп келеді. Әр жылдары ұсынылған сот саласындағы реформалардың орны ерекше. Себебі, соның нәтижесінде сот жүйесі ұдайы дамып, өркендеуде. Ал біздің ортақ мақсатымыз – қазақстандық құқық қорғау және сот жүйесін реформалау, оны одан әрі дамыту ісіне қолымыздан келгенінше атсалысып, сот саласын дамытуға үлесімізді қосу.

**Даурен УТЕБАЛИЕВ,**  
Мұнайлы аудандық сотының судьясы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

## ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫ АСТАНАДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі күрделі кезде дін-басилардың бір үстел басында жиналуы айрықша маңызды. Олар кез келген мәселе бойынша ортақ пайымға келіп, тіл табысуға болатынын бүкіл адамзатқа паш етуде.

Қазақстанға алғаш рет келген Рим Папасы Франциск форумда сөз алған сәтінде бұл ойды ары қарай жалғап, дінге деген сенімсіздікті ұзақ уақыт бойы тудырған әңгімелерден бас тартатын кез келгенін мәлімдеді. Мәртебелі мейманның айтуынша, дін проблема емес. Бұл институт қоғамдағы үйлесімді өмірге ықпал етеді, ол бізге әлемдегі бейбітшілікке деген шөлді қандыру үшін қажет. Пандемия тенсіздіктің қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Бүгінгі күннің ең үлкен қауіпті құбылысы – зорлық-зомбылық пен ашкөздік тудыратын кедейлік. Франциск сонымен қатар қазіргі адамдарда көршіге деген бауырмалдықты жетіспейтінін айтып, әр адамның қасиеті, өзінше дербес әлем екенін тілге тиек етті. Адамзатты қаруға емес, білімге инвестиция салуға шақырды.

Діннің негізгі мәселе емес екенін өз кезегінде сөз алған Әл-Азхардың жоғарғы имамы

шейх Ахмад ат-Тайеб та айтты. Ол адамзат үшін ортақ мәселе бүгінгі таңда климаттың өзгеруі екенін атап көрсетті. «Бүгінгі таңда адамзат табиғат пен климаттың күтпеген өзгерістерінен үрей мен қорқынышты бастан кешіруде. Табиғат күрт жылынып, орман өрттері, қалаларды су басу қаупі мен сел, кейбір өзендердің құрғауы, көптеген тірі жандардың жоғалуы үрдіске айналды. Сондай-ақ, соңғы кездері басымызға түскен, жаһандық экономиканың негізін шайқаған саяси әрекеттер белең алууда. Жоғарғы имамның айтуынша, осы қиыншылықтардың барлығына адам кінәлі. «Бұл апаттарды өркениет адамы өзінің теріс ниеті, ымырасыздығы, басқалардың тағдырына немқұрайлылығынан жасады», – деп баса айтты дін қызметкері.

Форумда Орыс православие шіркеуі делегациясын басқарып отырған Мәскеу Патриархаты сыртқы шіркеулік байланыстар бөлімінің төрағасы, Волоколамск митрополиті Энтони Сурож Мәскеу және бүкіл Ресей қасиетті патриархы Кириллдің жолдауын оқыды. Онда ол «Осы дүниенің кейбір билеушілері тандаған диктатура, бақталастық және қарсыластық жолы адамзатты өлімге

апарды. Ал мұндай жағдайда адамдарды оятатын, диалог пен ынтымақтастық жолына қайтаратын – сенім, өйткені дәстүрлі діндерде адам болмысының иргелі моральдық принциптері мызғымас күйінде қалады» депті. Митрополит Энтони өз сөзінде дүниежүзілік тарихтың қазіргі күрделі кезеңінде адамдардың тағдыры үшін дини жетекшілердің ерекше жауапкершілігін атап өтті. «Қазіргі заманның сын-кәтерлеріне ең жақсы жауап – «діндер диалогы, дини білім беруді кеңінен дамыту, ортақ моральдық негіздегі діндарлардың бірлігі», – деп есептейді ҚДК төрағасы.

Пленарлық отырыс барысында сонымен қатар Израильдің Бас ашкенази раввині Давид Лау сөз сөйледі және БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің бейне үндеуі тыңдалды, одан кейін «Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін» Астана халықаралық сыйлығын және «Құрмет» медалін тапсыру рәсімі өтті.

Форумның бірінші күнінің соңында Қазақстан Президентінің атынан ресми қабылдау өтіп, оған шіркеу делегациясының мүшелері қатысты.

**А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,**  
«Заң газеті»

## ПАЙЫМ

## ПӘРМЕН

## ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ИНСТИТУТЫ ӨЗІН-ӨЗІ АҚТАДЫ

Елімізде қолға алынған әр реформалардың артында халықтың ұсынысы, талап-тілегі, қалауы жатыр. Жеке сот орындаушылар институты да тақыр жерден пайда болған жоқ. Сот актілерінің орындалмай орта жолда қалуы, азаматтар құқығының толық қорғалмауы қоғамда үлкен мәселе тудырды. Халықтың өкпеленіші ескеріліп, жаңа институтқа атқару өндірісін жандандыру міндеті қойылды.



**Тимур ҚАПАНОВ,**  
Алматы облыстық атқарушылық округының жеке сот орындаушысы

Мемлекет басшысының тапсырмасына сай еліміздегі мемлекеттік сот орындаушылар біртіндеп қысқартылып, іске жеке сот орындаушылар араласа бастады. Жеке сот орындаушылар азаматтар мен мекемелердің заңды мүддесін және құқығын қалпына келтірудегі альтернативті тәсіл ретінде танылды. Бұл институттың мемлекеттік мәжбүрлеп орындату жүйесімен салыстырғанда бірқатар артықшылығы бар. Соның ішінде алатын табысы атқарушылық құжаттардың орындалу нәтижесімен тікелей байланысты болғандықтан, жеке сот орындаушылар жұмысты тиімді атқаруға ұмтылады. Яғни, табыс көзі өндірілген соманың белгілі бір пайызына

тәуелді болғандықтан, жеке сот орындаушылар атқарушы құжаттарды нәтижелі әрі жедел орындайтынын тәжірибе барысында байқап жүрміз.

Бұл қызмет ішелерінің жұмыс тәртібі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңына сәйкес реттеледі. Бастапқыда ескерілмеген, олқы тартқан тұстар кейіннен назарға алынып, ортақ талапқа сай заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Заңда қабылданған өзгерістер мен толықтырулар жеке сот орындаушылары мен мемлекеттік сот орындаушылар өкілеттіктерінің шегін біршама ажыратты. Жеке сот орындаушылардың құзыреті мен өкілеттіктері бірте-бірте кеңейтілді.

Сонымен қатар, «Әлеуметтік маңызды істер категориясы» ұғымы енгізілді, оған алимент, еңбекақыны, зейнетақыны, жәрдемақыны, адам өмірі мен денсаулығына залал келтіргені үшін төлемақыны өндіру жатқызылды. Сондай-ақ, заңның 103-1 бабына сәйкес ЖСО жеке тұлғаларға жоғарыда көрсетілген істерді орындауда мемлекет кепілдік берген тегін заңдық көмек беруі тиіс. Заңның 117-1-бабына сәйкес ЖСО қызметіне әлеуметтік маңызды категориялы істерді орындағанда республикалық бюджет есебінен 5 АЕК көлемінде ақы төленеді.

Атқарушы өндірістің мақсаты – заңмен қорғалатын құқықтардың бұзылуын қалпына келтіру. Атқарушы өндірісті жетілдіру мен тиімділігін арттыру жеке сот орындаушы институтының ары қарай дамуына ықпал етері күмәнсіз. Десек те, бұл институт өзіне жүктелген міндетті жоғары деңгейде атқарып келе жатыр деп нық сеніммен айтуға болады.

«Қарыз күліп келіп, жылап қайтады» дейді қазақ. Бүгінде қарызын қайтармай, айналасын зар жылатын жүрген жауапсыз азаматтар аз емес. Әсіресе, заңбұзушылық жасағанымен оның айыппұлын төлеуден жалтаратындар, алимент төлеуге міндетті екенін білсе де өзінің туған ұл-қызына тиесілі қаржыны өтеуден қашатындар, несиені ойландырып, оны қайтаруға келгенде тайсақтайтындар арамдыда жеткілікті.



## БЕРЕШЕГІ БАРЛАР ШЕТЕЛГЕ ШЫҒА АЛМАЙДЫ

Мұндай азаматтар соттың шешімі шығып, сот актісін орындауға міндетті екенін білсе де міз бақпайды. Керісінше, қарызды төлеудің жолын іздеп жүреді. Соның ішінде, өз қанынан тараған ұрпағының немен күн көретініне көңіл бөлмейтін, алимент төлеуге атүсті қарайтын азаматтардың ісі ешқандай ақтауға келмейді. Жұмыс орнын жасырып, мекенжайын көрсетпей, айлығын астыртын алуға тырысатын мұндай азаматтардың өз атына мүлік те тіркетпейтіні белгілі. Ал жаңа таным-түсінігі қалыптасып келе жатқан баланың өсуіне, білім алуына, ағзасын жетілдіруіне қаржы керек. Санасы төмен әкелердің осындай қарапайым тіршілік қағидасына шектен қарайтыны ойландырады.

Алимент төлемеген әкелерді тек пәрменді шаралар қолдану арқылы ғана өз міндетін орындауға мәжбүрлей аламыз. Мәселен, төлем картасы бар азаматтар жеке сот орындаушылар кез келген есеп шотын, банк шотын жауып тастайтындықтан, алиментті кешіктірмеуге тырысады. Көлігі бар азаматтар да темір тұлпарын айыптұраққа қойып, оның соңы қаржылай шығынға ұласатындықтан, алимент пен кез келген берешегін дер кезінде төлеуге тырысып бағады. Мұнда өз атына не жер телімін, не үйін, не көлігін, не кәсібін рәсімдегендерге сот актілерін орындату өте қиын. Олар ешқашан қарызды



**Дархан ЖҮНИСБАЕВ,**  
Талғар ауданы бойынша жеке сот орындаушы

өз еркімен қайтармайды. Соған орай жеке сот орындаушылар өз баласының нәпақасын кешіктірген әкелерге әкімшілік, қылмыстық жауаптылықпен бірге шетелге шығуына уақытша шектеу қою жазасын қолданады.

Бұл шын мәнінде оң нәтиже беретін шектеудің бірі. Шетелге шығуға уақытша шектеу қоюдың өз тәртібі бар. Бұл жаза көбінесе мемлекет алдындағы салықты, несиесін, алиментін, берешегін, айыппұлды төлемегендерге қолданылады. Дегенмен, кейде аудандық дұрыс жасамағаны үшін берешегі барлар тізіміне кіріп кетіп, шетелге шығуға рұқсаттың жоғын

кеш білетіндер де кездеседі. Алдын ала жоспарланған іссапары, отбасылық демалысы күйіп кетпес үшін азаматтар өзінің қарызы бар-жоғын «Берешегі барлар тізімінен» тексергені жөн. Сонымен қатар, бұл тізімге денсаулыққа келтірген залал үшін белгіленген моральдық шығынды өтегендерге, асыраушысынан айырылуына байланысты келтірілген шығынды өтеуге байланысты, қылмыскер әрекетінен мүлктік және моральдық залалды қайтармаған айыпты азаматтарға қолданылатынын да айта кеткен жөн.

Шетелден шығуға шектеу қою үшін қарыз сомасы 40 айлық есептік көрсеткіштен жоғары болу керек. Қазіргі бағам бойынша бұл 120 мың теңге төңірегіндегі ақша.

Осыған орай, азаматтар шетелге баруды жоспарламас бұрын еліміздегі берешегі барлар реестрінде бар-жоғын тексеруі керек. Қарыз барлардың базасы күнделікті жаңартылып отырады. Ал бұл шектеуді алу үшін қарызды дер кезінде төлеу керек.

Елбасының «100 нақты қадам» бағдарламасы Қазақстанның дамуына, қойылған міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. Оның аясында заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін еліміздің құқықтық жүйесінің мәселелері бойынша 19 мақсатты қадам қарастырылған.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ТҮТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

# ЖАҢА ТӨЛЕМ МЕХАНИЗМІ КІМГЕ ТИІМДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінгі күнге дейін медициналық сақтандыруға жарналарды ешқашан төлемеген немесе жүйелі түрде төлемеген, соның салдарынан сақтандыру мәртебесінен айырылған дербес азаматтарға қызмет алу үшін МӘМС жарнасын төлемеген айлары үшін, тіпті төлем уақытын өткізіп алған жыл үшін де жарна құю қажет болды. Жаңа бастамаға сәйкес оларда балама әдіс пайда болды. Яғни, мұндай азаматтар алдағы 12 ай үшін төлем жасайтын және өткен кезеңді төлемей, сақтандырылу мәртебесін ала алады. Бұл қалай жұмыс істейді және төлеушілерге қандай нюанстарды білу керек?

Осы секілді төлеушілер тарапынан туындауы мүмкін басқа да сауалдарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының заңды және жеке тұлғалармен жұмыс жөніндегі департаментте Ақпараттық-түсіндіру жұмысы басқармасының бастығы Ирина Подскочная жауап береді.

— **Соңғы 12 айда азаматтың МӘМС жарналары төленді, мәртебесі сақтандырылған. Алдағы жылға жарна төлеуі міндетті ме, әлде оларды ай сайын төлей ала ма?**

— Азаматтар жарналарды өзіне ыңғайлы етіп төлей алады. Мәселен, ай сайын, тоқсан сайын жүйелі түрде төлеуді жалғастырады немесе 12 айға бірден төлей алады.

— **Айталық азамат МӘМС-ке жарналарды ешқашан төлемеген болса, яғни, оның бірде-бір төлемі жоқ дейік. Сәйкесінше оның мәртебесі де жоқ. Осы мүмкіндікті пайдаланып, алдағы 12 айға төлем жасай ала ма, әлде алдыңғы төленбеген кезеңді өтеуі керек пе?**

— Жоқ. Бұл норма осы азамат сияқты төлеушілерге жүйеге «ауырталықсыз» кіруге көмектесуді мақсат етеді. Мұндай азаматтар сақтандыру мәртебесін ағымдағы айға және алдағы 12 айға жарналарды төлеу арқылы 3 жұмыс күні ішінде ала алады.

— **МӘМС жарналарын кезең-кезеңімен төлегеннен, төленбеген кезеңдер бар болған дейік. Соның салдарынан қазіргі кезде азамат сақтандырылмаған. Мұндай жағдайда жарналарды бір жыл бұрын төлеп, мәртебе ала ма, жоқ алдымен бұрын төленбеген айларды жабу қажет бола ма?**

— Мұндай азаматтарда екі нұсқа бар. Біріншісі, барлық өткізіп алған кезеңдерді өтеу, әлдеқайда аз соммен айналып өту және әрі қарай сақтандыру мәртебесінде қалу үшін МӘМС-ке ай сайын төлем жасау керек. Немесе екінші, өткен кезеңді төлемей, бір жыл бұрын жарналарды төлеу тиімді.

— **Егер азамат осы жылдың қыркүйегінен бастап жаңа төлем әдісін қолдануды ұйғарса, онда жарналарды қай кезеңге төлеуі керек, 2023 жылдың тамызына дейін бе?**

— Олай емес. Заң нормасында төлемдер болашақ кезеңдер үшін жасалуы керек деп көрсетілген. Қыркүйек ағымдағы кезең болып саналады. Тиісінше, бір жылға мәртебе алу үшін жарналарды 2022 жылдың қазанынан 2023 жылдың қыркүйегіне дейін төлеу керек. Егер азамат 2023 жылдың қыркүйегінен тамызына дейін төлесе, оған мәртебе берілмейді, өйткені ағымдағы ай төлемге кірмейді. Тиісінше, жүйе тек 11 айға төлемді ескереді.

— **Мен болашақ 12 ай үшін төлем жасадым дейік, маған 2023 жылдың қыркүйегіне дейін мәртебе берілді. Егер мен осыдан кейін жарна төлеуді тоқтатсам, мәртебем сақтала ма?**

— БЖТ төлеушілерден басқа төлеушілердің барлық санаттарында сақтандыру мәртебесі МӘМС-ке соңғы төлем төленгеннен кейін 3 ай бойы сақталады. Соңғы төлем 2023 жылдың қыркүйегінде болды делік, демек, сақтандырылу шартты мәртебесі сол жылдың желтоқсанына дейін сақталады. Бірақ сіз осы кезеңде қарызыңыздың жинақталатынын түсінуіңіз керек, оны болашақта мәртебеніңізді сақтау үшін өтеу керек.

— **Егер мен төлем жасауды тоқтатсам, біраз уақыт менің мәртебем, яғни 3 ай бойы сақталып, содан кейін жойылды делік. Мұндай жағдайда өткен айлар үшін қарыз төлеу керек пе, әлде бір жыл бұрын мәртебені тағы «сатып алуға» бола ма?**

— Жарналарды бір жыл бұрын төлеген жағдайда өткен кезеңдегі берешек ескерілмейді. Бірақ бұл жерде мәртебе тек болашақ кезеңге тағайындалғанын ескеру керек. Мәртебені қазір алу үшін МӘМС-ке ағымдағы ай үшін де ақы төлеу қажет.

— **Жыл сайын АЕК және ЕТЖ мөлшері өзгеріп отырады, соңғысына дербес төлеушілер үшін медициналық сақтандыру жарналарының мөлшері байланысты болады. Келесі жылы ең төменгі жалақыны 70 мың теңгеге дейін ұлғайту қажеттігі жарияланды. Тиісінше, МӘМС жарналарының мөлшері өзгеруі керек. Ендеше, азаматтар осы өзгерістерді ескере отырып төлем жасауы керек пе? Әлде қазіргі ставкалар бойынша төлеуге мүмкіндік бола ма?**

— Төлемдердің мөлшері белгілі бір қаржы кезеңінен бастап, әдетте 1 қаңтардан бастап белгіленеді. Қазіргі уақытта дербес төлеушілер 60 мың теңгенің 5%-ын төлейді, бұл – 3 мың теңге. Тиісінше, егер азаматтар осы жылы жарналарды



төлейтін болса, келесі жылды ескере отырып, жарналардың қолданыстағы мөлшеріне назар аудару керек. Мәселен, егер азамат 2021 жылы өткізіп алған айларды төлегісі келсе, онда 2 125 теңгеден төлейтін болады, өйткені, сол кезде ЕТЖ мөлшері 42 500 теңге деңгейінде бекітілген болатын. Егер МӘМС-ке жарналарды 2023 жылдан бастап төлейтін болса, онда жарналардың мөлшері басқа болуы мүмкін.

— **Тағы бір білгіміз келетіні, егер азамат бір жыл бұрын МӘМС-ке жарналарды төлеп, содан кейін жеңілдікті санатқа көшсе, төленген сомдан айырманы қайтара ала ма?**

— Жоқ, бұл төлемдерді қайтаруға болмайды, өйткені олар артық немесе қате төленген деп саналмайды. Алайда, әр жағдайды жеке қарастыруға болады. Мүмкін, адам бір кезеңде жарналарды екі рет төлеген немесе төлем жасау кезінде қандай да бір қате жіберген, мысалы, ЖСН-ді дұрыс көрсетпеген шығар. Мұндай жағдайларда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазып, қаражатты қайтару үшін растайтын құжаттарды қоса беруге болады.

— **Ал азамат жеңілдік санатында болып, кейін одан шықты дейік. Сонда міндетті түрде бір жыл бұрынғы жарнаны төлеуі керек пе немесе ай сайын төлем жасай ала ма?**

— МӘМС-ке жарналар төлеу заңмен бекітілген, бірақ төлем әдісін адам өзі анықтайды. Бұл жағдайда бірнеше нұсқа болуы мүмкін. Бірінші, егер сіз бір жылдан астам уақыт бойы үздіксіз жеңілдік санатында болсаңыз және мемлекет сіз үшін шегерім жасаған болса, жеңілдік мәртебесінен шыққаннан кейін сіз үнемі төлемдер жасап, сақтана аласыз. Екінші, сіздің жеңілдік мәртебеніңіз бір жылдан аз уақыт ішінде қолданыста болса және оған кіргенге дейін төленбеген айлар болса, сіз дереу мәртебені алу үшін қарызды төлеп, үнемі аударымдар жасауды жалғастыра аласыз немесе ағымдағы ай мен келесі 12 айдағы жарналарды төлей аласыз. Егер сіз жарналарды келесі жылға ғана төлейтін болсаңыз, онда бірден емес, келесі айдан бастап қана мәртебеге ие болатындығын ескерген жөн.

— **Айталық мен БЖТ төлеушімін және қыркүйек айында жарналар төлеген болсам, мен де бір жылға мәртебе ала аламын ба?**

— Бұл механизм тек тәуелсіз төлеушілер үшін қарастырылған. Сіз төлеушілердің осы санатына оңай ауыса аласыз, содан кейін бір жылдағы мәртебе сізге қолжетімді болады. Егер сіз БЖТ төлеуші санатында қалғыңыз келсе, болашақ кезеңдерге төлемдер жасай аласыз, бірақ тек осы жылдың соңына дейін. Неліктен? Біріншіден, келесі жылдан бастап бірыңғай жиынтық төлем мөлшері өзгеруі мүмкін. Екіншіден, азаматтардың кейбір санаттары БЖТ төлеушілерден шығарылады. Бухгалтерлік есеп немесе аудит, сақтандыру қызметі саласында және құқық, әділет және сот төрелігі саласында консультациялық, маркетингтік қызмет көрсететіндер. Бүгінгі таңда Салық кодексінің 774-бабыдан сәйкес, бірыңғай жиынтық төлемді шетелдік азаматтар, жұмыскерлер, жеке кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыскерлер, сондай-ақ, коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беретіндер төлей алмайды.

— **Азаматтарға тағы нені білу маңызды?**

— Төлемдердің болуы және бір жылға мәртебе беру туралы ақпаратты сақтандыру мәртебесін тексеретін тәсілдермен алуға болады. Мәселен, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы немесе Telegram SaqtandyruBot арқылы.

Төлемдер мен мәртебе туралы ресми құжатты мемлекеттік қызметтер арқылы eGov.kz электрондық үкімет порталынан алу да жеңіл. Сіз 12 айға төлемдерді бірден жасай алмайсыз, өйткені, жүйе әр ай үшін төлемді бөлек оқиды. Жарналарды төлеу кезінде қателіктер жіберілмегеніне көз жеткізу керек. Әйтпесе, төлем жүйеге кірмейді және сізге мәртебе берілмейді. Енгізілген ЖСН, төлем кезеңінің және төлем енгізілетін жылдың дұрыстығын қайта тексеріңіз. Егер бір айда қате жіберілсе немесе екі рет төленсе, қате төленген төлемді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазу арқылы қайтаруға болады. МӘМС жарналарын екінші деңгейдегі кез келген банк, банктердің мобильді қосымшалары, жылдам төлем терминалдары және «Қазпошта» филиалдары арқылы төлеуге болады.

Егер медициналық көмек көрсету сапасына қатысты сұрақтарыңыз болса, сіз оларды өз емханаңыздағы пациенттерді қолдау қызметіне қоя аласыз. Жағдайды сол жерде шешу мүмкін болмаса, fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Telegram-дағы SaqtandyruBot және Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арасынан өзіңізге ыңғайлысы арқылы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жүгінуге болады. Дәл осындай құралдар сақтандырылу мәртебесін тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеніңізді тексеріп, жүргізілген төлемдер туралы eGov.kz электрондық үкіметінің сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық қызметтер туралы мәселе» МӘМС-те аударылған сомалар туралы ақпарат мемлекеттік қызметі арқылы біле аласыз.

Дайындаған А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

**Бүгінде еліміздегі діни ахуал тұрақты және азаматтардың діни саладағы құқықтарын жүзеге асыруда мемлекет тарапынан қажетті жағдайлар жасалып жатыр. Қазіргі таңда біз үшін ата дінімізді, ұлттық қасиетімізді, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді қайта түлетіп, бәрін толық қалыпқа келтіруге тамаша мүмкіндік беріліп отыр.**

Ислам дінін теріс уағыздап жүргендер қаншама отбасын дұрыс жолдан тайдырып, өздерінің бұрыс идеологиясын жүргізіп жатқаны жасырын емес. Олар Алланың атын жамылып, қара ниетін діни сауаты төмен азаматтар арқылы жүзеге асыруда. Төл әдебиетіміз бен тарихымызда жастайынан сақалды жөнсіз өсіргендерді естіген емеспіз және қыз-келиндердің құдды бір қазаға ұшырағандай қара жамылып, бет-аузын тұмшалауы жаныңа батады. Қазақта қара – қайғының, ақ – жаулықтың белгісі. Онда неге жас өрімдей қыздарымыздың ақ немесе қара жамылуын түсіне алмай келеміз. Әрине, мұның бәрі ілімсіздіктің кесірі. Өзге елдің жымысқы саясатын тықпалағандар аруларымызды салтымызға қайшы «перде» жабуға мәжбүр етті. Қазірде ислам діні десе, жұрттың төбе шашы тік тұратыны содан. Исламда адамның иманы сыртқы киіммен өлшенбейтіндігі бексенеден белгілі. Кереғар діни ағымның мақсаты – имани таза мұсылман дініне іріткі салу.

Осындай ислам атын жамылған теріс ағым ықпалынан қаншама қандасымыз Отанын, отбасын, ата-ана, бауырын жат санап, қақтығыс аймағына аттанып кетті. «Ислам халифатын» құрамыз, шын мұсылмандар бір аспан, бір шаңырақ астында өмір сүреміз деген жалған ислами сенімнің құрбаны болды. Бірі Сириядағы шынайы өмірді



біліп барса, бірі білместен барып, өздерінің ешқандай да ислам халифатын құруға емес, әлдебіреулердің түсініксіз саясатының қолшоқпары болуға келгенін кеш түсінеді. Алайда, шегінерге жол жоқ. Әйелі, бала-шағасының өмірін қауіп-қатерге тігіп, қантөгістің ортасында жүруге мәжбүр болды.

2018 жылы шілде айында Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) Азаттық радиосына Сирия мен Иракта соғыс басталғалы Таяу Шығысқа 800-ге тарта қазақстандық кеткенін хабарлаған болатын. Комитет Сирия мен Ирактағы халықаралық ұйымдарда Қазақстаннан кеткен 120 ер адам, 250-ден астам әйел және 500 бала барын хабарлаған.

Ал, 2019 жылы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың қолдауымен еліміздің әскери күштері 5-6 қаңтар күні алғашқы «Жусан» әскери-гуманитарлық операциясын ұйымдастырып, елге 595 аза-

матты кезең-кезеңімен қайтарды. Оның ішінде 33 ер адам, 156 әйел, 406 бала (32 жетім бала).

Қазіргі таңда Түркістан облысында «Жусан» операциясы бойынша оралған 5 отбасы бар. Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог және психолог мамандары олармен радикалды санадан арылту, қазақи салт-дәстүр, ұлттық құндылығымызды бойына сіңіру, дәстүрлі діни көзқарасқа қайтару мақсатында үздіксіз оналту жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Деструктивті діни ағымдағы отбасылармен жұмыс жүргізуде оларды 100% оналды, қоғамға бейімделді деп айтуға әлі ерте. Психологиялық тұрғыда шаршаған адамға бірден оналту шараларын жүргізу, дінді түсіндіру қиынға соғады. Өйткені, олар танысқанына көп болмаған адамға сене бермейді. Бірте-бірте қоғамға бейімделіп келеді. Аналарына және балаларына психологиялық көмек көрсетіліп жатыр. Олар қақтығыс аймағында теледидар көруді харам санаған, музыка мен мерекелік іс-шараларға қарсы болған.

Балалардың ойнауынан, сөздерінен, салған суреттерінен Сирияда бастан кешкен өмірі көрініс табады. Қақтығыс аймағынан келген балалар «Атып өлтіремін», «ұрып құлатамын», «аямаймын» деген сөзді жиі қолданады. Оны айтқан балада жазық жоқ. Бала не көрді, не естіді соны істейді. Бірақ балалармен жұмыс жасау, аналарымен жұмыс жүр-

гізгенге қарағанда оңай деп ойлаймын.

Қазіргі таңда аналары түрлі курстарды оқып, білімін жетілдіруде, балалары түрлі мерекелік іс-шараларға қатысуда. Олардың Отанына оралғанына бір жылдың көлемі болды, алайда оналту үрдісі уақыт еншісінде. Бастапқыда аналары мен балалары тұйық, адаммен араласуға сескенетін еді. Бұл психологиялық тұрғыда қалыптасқан жағдай болып есептеледі. Психологтар әртүрлі семинар-тренингтер, топтық ойындар ұйымдастырып, ортаға бейімдеу үстінде.

Қақтығыс аймағында балалардың білім алуына көңіл бөлінбеген. Ол жақта білім алудың орнына әскери дайындық, қару қолдануды басты орынға қойған. Аздап араб тілін меңгерген. Балалар араб, күрт, қазақ, орыс тілдерін жақсы біледі. Себебі, ол жерде ТМД мемлекеттерінің басқа да елдерінен және Еуропа елінен келген отбасылар да болған. Қазіргі таңда емін-еркін адамдармен сөйлесіп, өз ойын ашық жеткізе алады. Балаларын түрлі концерттерге, ойын-сауық, музейлерге, хайуанаттар бағына апарып жатырмыз. Мектептегі көптеген іс-шараларға қатысуда.

Ойындарын дәстүрлі ойынға ауыстырып (ақ серек – көк серек, асық ату, шілдік таяқ ойыны) өзгертіп, басқа да ойындармен қызықтыру керек. 9 жасқа дейін балада критикалық ойлау қабілеті болмайды, яғни балалардың әр көргені тұпсанасында сақталып отырады. Балалардың бастан кешкені ертеңгі күні

оның болашақтағы мінез-құлқына, өміріне қатты соққы болатыны анық. Сондықтан олармен жеке-жеке психологиялық жұмыс жүргізілу керек.

Балалар тілді түсінбейтін ортаға барған, стресс алған, қантөгіс, агрессия көрген. Алғашқы кезде азаматшалар бәрін «харам» деп түсініп, қарсылық білдірген. Егер балаларды өз бетімен жіберсек, біз қоғамға сіңе алмаған агрессия ұрпаққа тап боламыз. Балалар да ертең қоғаммен байланыс таба алмауы немесе оның соны конфликттілік жағдайға алып келуі мүмкін. Қазір балалар спорттық шаралар, көлөнер үйірмелеріне барады.

Балаларды қорқыныштан және күйзелістен арылту үшін арт-терапия, тыныс алу гимнастикасы, құммен ойнау және түрлі терапия ойындарын қолданып жатырмыз. Оларды қалыпты қоғамға қайтару үшін жылдар бойы кешенді психологиялық оналту жұмысын жүргізу қажет. Аналары орамалдан түбегейлі бас тартпаса да, тұмшаланып оранудан арылып, ашық түсті киім кие бастады. Қақтығыс аймағында болған күндерін естеріне алғысы келмейді. Көңіл-күйлері жақсы. Елге деген алғысын жеткізуде.

А.ДЖАХАЕВА,  
Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы, «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ  
Әдістемелік қамтамасыз ету бөлімі маманы,  
Раушан НАРБЕК

# СИРИЯ: ОРАЛУ ЖӘНЕ ОҢАЛУ

ЕҢБЕК ДАУЫ

# КЕЛІСУ КОМИССИЯСЫ ДАУДЫ ТАРАЗЫЛАЙДЫ

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес еңбек дауына – еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер мен жұмыс беруші, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болғандар арасындағы келіспеушіліктер жатады.



Еңбек даулары жеке және ұжымдық болып бөлінеді. Жеке еңбек даулары жеке жұмыскер мен жұмыс беруші арасында туындайды, мысалы, жұмыстан босату, тәртіптік шараға тарту, материалдық жауапкершілік және басқа себептер. Еңбек даулары екі сатыда – тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады. Тараптардың келісімімен еңбек дауларын келісу комиссиясы қарауы мүмкін.

Келісу комиссиясы институты Қазақстанда бұрыннан жұмыс істейді. Бұрын қолданыста болған еңбек туралы заңына сәйкес еңбек даулары тараптар келісімі бойынша (келісу комиссиясында) немесе сотқа қарастырылған. Осылайша, келісу комиссиясының қызметі еңбек дауын қараудың балама және міндетті емес нұсқасы болды.

Қазіргі Еңбек кодексі сол тәртіпті сақтап қалған, яғни, еңбек даулары не келісу комиссиясында, не қызметкердің немесе жұмыс берушінің таңдауы бойынша сотқа балама түрде шешілуі мүмкін.

Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс беруші мен микрокәсіпкерлік субъектінің, жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ, заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды, яғни бүгінгі күні келісу комиссиясының институты еңбек дауларын шешуге міндетті.

Кодекске сәйкес келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде ұйымдарда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган.

Келісу комиссиясы мүшелерінің сандық құрамы, оның жұмыс істеу тәртібі, келісу комиссиясы шешімінің мазмұны мен оны қабылдау тәртібі, келісу комиссиясы өкілеттілігінің мерзімі, делдалды тарту туралы мәселе жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің арасындағы жазбаша келісімде не ұжымдық шартта белгіленеді.

Келісу комиссиясына келіп түскен өтінішті көрсетілген комиссия берілген күні міндетті түрде тіркеуге тиіс. Комиссия:

- 1) басқа жұмысқа ауысу және басқа жұмысқа ауысу кезінде еңбекақы төлеу;
- 2) жеке еңбек шарттарының талаптарына өзгерістер енгізу;
- 3) жұмыс уақытының режимі, еңбек тәртібі;
- 4) демалыстың ұзақтығы, соның ішінде жыл сайынғы демалыстың ұзақтығы;
- 5) тәртіптік шаралар қолдану туралы;
- 6) еңбекке ақы төлеу және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі еңбек дауларын;

7) еңбек туралы заңдар, жеке және ұжымдық шарттарды қолдану мәселелері жөніндегі басқа да дауларды қарауы мүмкін.

Келісу комиссиясы дауды өтініш тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға және дау тараптарына шешімнің көшірмесін ол қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруге міндетті.

Келісу комиссиясының шешімі, жұмысқа қайта алу туралы дауды қоспағанда, онда белгіленген мерзімде орындалуға тиіс.

Белгіленген мерзімде келісу комиссиясының шешімі орындалмаған, мәселелер реттелмеген жағдайларда, жұмыскер немесе бұрын еңбек қатынастарында болған адам не жұмыс беруші сотқа жүгінуге құқылы.

Еңбек кодексінің 160-бабында келісу комиссиясына жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну мерзімдері қарастырылған, яғни, егер жұмысшы жұмысқа қайта алу туралы даумен жүгінсе, ол еңбек шартын тоқтату туралы жұмыс беруші актісінің көшірмесі келісу комиссиясына табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап бір айда, ал басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап бір жыл ішінде жүгіне алады.

Егер дау шешілген болса және тараптар келісу комиссиясының шешіміне қанағаттанса, онда келісу комиссиясында дауды шешудің артықшылығы – ол жұмыс беруші мен жұмысшы арасында туындаған жанжалды жария етпей шешу мүмкіндігі.

Келісу комиссиясының шын мәніндегі қызметі еңбек дауы кезінде төрешінің функциясын орындаушы. Төреші даудың тақырыбын білуі ғана емес, сондай-ақ, келіссөздер жүргізудің арнайы дағдыларын да білуі тиіс екені айдан анық. Сонымен қатар, жоғарыда атап өтілгендей, келісу комиссиясы ұйымның қызметкерлерінен құрылады, олардың барлығында қажетті дағдылары мен білімі болмауы мүмкін. Еңбек кодексінде еңбек заңнамасының негіздері бойынша, еңбек дауларын жетік шешу үшін жыл сайынғы оқытуды қамтамасыз ету міндеті анық белгіленгенімен, алғышарт, келісу комиссияларын құрудың өзі көптеген ұйымдар үшін проблемалы болып көрінеді.

Еңбек қатынастарының кез келген сатысында еңбек шартын жасасудан бастап оны кез келген себептермен бұзуға дейін қызметкер мен жұмыс беруші арасында даулар мен келіспеушіліктер туындауы мүмкін. Оларды шешудің бірінші сатысы келісу комиссиясында.

Қазіргі таңда дауларды соттардан тыс реттеу институты қарқынды дамып келеді, сондықтан сотқа дейінгі еңбек дауын шешудің бірден бір жолы бұл – келісу комиссиясы.

**С.ЖУМАШКИНА,**  
Ақтоғай аудандық сотының судьясы  
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

КИЕ

# КӨРІКТІ ОЙДАН КӨРКЕМ СӨЗ ТУАДЫ

**Мемлекетіміздің ішкі саясаттағы басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді дамыту мен қолданыс аясын кеңейту. Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналған мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық саяси, әлеуметтік-кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажетіне айналдыру.**

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеруде, оны қолданылу аясын кеңейту мақсатында, тіл саясатын іске асырудың мемлекеттік бағдарламасын орындауда біршама ауқымды іс атқарылғандығын айтуымыз керек.

Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білуі және мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі алпауытты елдердің санатына енді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз ол, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген, құрметтейтін ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығы мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола ал-

майды. Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері оның ішінде, өзіміз де жанұямызда ұл-қыздарымызға Қазақстанның халқы туралы, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тілін – мемлекеттік тілін білуі міндетті екендігін естеріне салып ал, білмегендерге түсіндіріп, үнемі бас қосқан көпшілік орындарда, жиындарда ортаға салып отыруымыз қажет деп ойлаймын. Сонда ғана мемлекеттік тіліміз, қазақ тіліміздің денгейі жоғары сағылардан көрінеді. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді дамыту ісінде бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) алдыңғы қатардан табылып, бұл істердің игілікті болуы үшін бір атаның баласындай үлес қосулары тиіс.

Қорыта келгенде, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, мемлекеттік тілді дамыту үшін, бұл істе ала болмай, түгел болып кіріссек, көздеген мақсатқа тездетіп жетуге болатынына сенімдімін.

**А.БУЛМАЖАНОВА,**  
Мұғалжар аудандық сот  
отырысының хатшысы,  
бас маманы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚЫЗМЕТ

**Бүгінде тәуелсіз Қазақстанның әрбір жетістігіне өзгелер қызыға қарайды, елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты үлгі тұтады. Оның ішінде еліміздің сот жүйесі де бүгінгі таңда алыс-жақын-дағылардың қызығушылығын тудырып, тәжірибе көрсете алатын елге айналды. Әр азаматтың сот алдында барлық мәселелерін жылдам әрі әділ шешуіне, өз құқығын қорғай алуына барынша басымдық берілді.**

# БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

Сот жүйесі тұрақты жетілдіріліп, ауқымды реформаларды іске асырып отырғанда, ондағы басты тұлға – судьяларға үнемі үлкен талаптар қойылууда. Себебі, сот абыройы – биліктің, жалпы халықтың абыройы.

Бұл ретте сот жүйесінде абыройға нұқсан келтіретін жайттарға жол бермеу аса маңызды. Әр судья Конституцияны және одан тараған барлық заңдарды жетік біліп қана қоймай, оны бұлжытпай сақтап, судьяның антына адал болуы керек. Судья әдеби талаптарын сақтау, әділдігі мен объективтілігіне күмән келтіретін істерден алшақ болу заңмен бекітілген. Судьяның тәуелсіздік кепілдіктері, оның мәртебесіне сай материалдық қамтамасыз етілуі және әлеуметтік қамсыздандыру мүмкіндігі құқықтық тұрғыда реттелген. Үнемі халықпен тікелей қарым-қатынаста болғандықтан, олардың моральдық бейнесі мен кәсіби жетістігі қызмет барысында ерекше рөл

атқарады. Сондықтан да талап судьяға да, судьялыққа үміткерлерге де ортақ.

2000 жылы «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң қабылданып, судьялардың кадрлық және әлеуметтік мәселелері түпкілікті шешілген болатын. Содан бері судья қызметіне тағайындау ашық және конкурстық негізде жүргізіліп келеді.

Алдағы уақытта судьяларды тағайындауда күрделі өзгерістер орын алмақ. Ел Президенті Қ.Тоқаев 1 қыркүйекте жариялаған жолдауында қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керектігін айтты. Бұл жолы барлық судьялардың мәртебесін теңестірді, өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауды ұсынды.

Ендігі жерде, сот жүйесінде кадрлық өзгерістер орын алмақ. Бірінші сатыдағы соттарда төраға лауазымы алынып, судьялармен теңестіріледі. Судья болуға үміткерлерді дайындау, біліктілігін көтеру жұмысы Жоғары сот кеңесіне беріледі. Ең қуанышты жаңалықтың бірі – судьяларға өкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрін жою. Апелляция институты да реформаланады деп күтілуде.

Судьялардың міндеті – өздерінің кәсіби біліктіліктерін ұдайы арттырып, сот саласының абыройы мен беделіне нұқсан келтірмей, адалдықтан аттамай, сот төрелігінің бейнесі мен беделін жақсарту. Мұны біз үнемі есте сақтаймыз.

**Айнұр ҚЫЗЫЛБАЕВА,**  
Ақтау қалалық сотының судьясы

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

# «СОТ КАБИНЕТІ» МҮМКІНДІКТІ МОЛАЙТТЫ

**Қазақстан судьяларының VI съезінде қойылған сот ісін жүргізу процесінде ақпараттық технологиялар енгізу туралы міндеттерді орындау мақсатында Жоғарғы Сот «Сот кабинеті» электронды форматын әзірлеген болатын.**

Сот кабинетінің мақсаты – азаматтар мен уәкілетті органдарға Сот кабинеті сервисінің жаңа мүмкіндіктерін, қолдану барысын түсіндіру. IOS мобильдік платформасындағы «Сот кабинеті» мобильдік қосымшасы – IOS, Android және Windows Phone мобильдік қосымшасы сервистерінің интерфейстерін сипаттайды.

Сонымен қатар, осы сервисі пайдаланушыларға «көмек» көрсету бағыты енгізілген. Онда сот кабинетін пайдалану бойынша нұсқаулық, сот кабинетімен жұмыс істеу жөніндегі анықтама, «Сот кабинеті» мобильді қосымшасының пайдаланушы нұсқаулығы және «Пайдалы сілтемелер» сервисі ұсынылған. «Сот кабинеті» веб-нұсқасымен «Сот кабинетінің мобильдік нұсқасы» қосымшасында жаңалықтар, істерді қарау тізімдері, тапсырылған құжаттар, хабарландырулар, сот процесі қатысушыларының күнтізбесі және чат сервистері үйлестірілген.

Сот кабинетінің мобильді қосымшасындағы жаңалықтар сервисі істерді қарауға, нақты сот органы бойынша таңдап алу мүмкіндігімен тағайындалған сот отырыстары туралы ақпаратты (өткізу күнін, орнын, уақытын) онлайн режимде алуға; тапсырылған құжаттар сервисі – осы қосымшаны пайдаланушыға мобильдік қосымшасына жүктеу мүмкіндігімен сот органдарына Сот кабинеті веб-сервисі арқылы жолданған барлық құжаттарды көруге; хабарлау сервисі – пайдаланушыға сот органдарына берген сот құжаттарының мәртебесін бақылап отыруға; сот процесі қатысушыларының күнтізбесі сервисі күнтізбеге оқиғаларды қосуға, сондай-ақ, сіз процесс қатысушысы болып табылатын сот отырыстары туралы мәліметтерді көрсетуге; чат сервисі қосымша пайдаланушыларына мәтіндік хабарламалармен алмасуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Сот кабинеті» пайдаланушы «Іс құжаттары бойынша құжаттар» бөлімі арқылы пікір, қарсы

талап-арыз, сот процесінің хаттамасына ескертулер, атқару парағын жолдау туралы өтініш, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыз, сот актілерінің көшірмелерін беру туралы арыз және осы секілді басқа да өтініштерді бере алады.

Пайдаланушыларды мобильдік қосымшада тіркеу сервисінің веб-нұсқасына қарағанда өзіндік артықшылықтары да бар. Тіркеу үшін пайдаланушы келісіміне алдын ала қол қойып, азамат өзінің ЖСН және ұялы телефон нөмірлерін көрсетсе де жеткілікті. Көрсетілген ұялы телефон нөміріне қосымшаға кіру үшін хабарлама арқылы құпия сөз келеді.

Қазіргі таңда, «Сот кабинеті» сервисінде QR-кодтарының жаңа технологиясы енгізілді. Халыққа ыңғайлы болу үшін және бірыңғай стандартқа көшу мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде авторизациядан өту және ұсынылатын құжаттарға қол қою тетігі өзгертілді. Енді авторизациядан өту және құжаттарға қол қою Egov mobile мобильді қосымшасының Face ID және Touch ID (QR-кодты сканерлеу) арқылы мүмкін болады. Енгізілген жаңашылдық сервиспен жұмысты айтарлықтай дәрежеде жеңілдетті. Себебі, әрбір сотқа жүгінген азамат «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін электронды цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) алу қажет болатын.

Бұл жаңа технологияның артықшылығы – ол Egov mobile арқылы ЭЦҚ алу, компьютерде ЭЦҚ қажеттілігінің болмауы, мобильді гаджеттердің қосымша параметрлерінің қажеті жоқ, мобильді гаджет арқылы авторизациядан өту және құжаттарға қол қою болып табылады.

Халықтың сотқа деген сенімін одан сайын арттыру мақсатында осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

**Айгүл БОЛЫСБАЙ,**  
Шалқар аудандық сотының бас маманы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІНІҢ НАЗАРЫНА!

# БІР ҚИСЫҚ СӨЗ ҮШІН БҮКІЛ ЕҢБЕКТІ ЖОҚҚА ШЫҒАРУ ҚИСЫНСЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

## Жүйкені құртқан жүктеме

Мына жүйке жұқарған заманда ең мықты, ең сабырлы, ең момын деген жандардың өзі іште жиналып қалған көп нәрсені бір-ақ ауыз сөзбен шығаратын кезі болатынын көпшілік мойындайтын шығар! Ұзақ жылдар құқық қорғау саласында, соның ішінде 20 жылдан аса сот саласында мүлтіксіз қызмет етіп келе жатқан Еркін Жапаровтың аузынан сот отырысы аяқталып, бейнебайланыс тоқтатылғаннан кейін «әбден шаршатқан ғой, пидор» деген сөз шығып кетеді. Ол мұны әдейі біреуге қарата айтпаған, оның үстіне сот үдерісі үстінде емес, сот отырысы біткеннен кейін, бейнебайланыс әлдеқашан үзілгенде айтқан. Тек судья дыбыс-бейнежазу құралы әлі қосулы тұрғанын аңғармаған. Әбден шаршаған судьяның аузынан шыққан әлгі сөз таспада жазылып қалады. Мәселе, осы сот отырысы аяқталғаннан кейін, таспада жазылып қалған боктық сөзден шығады.

Дыбыс және бейнежазу жүргізуді техникалық қолданудың ережелеріне сәйкес, жазбаны тараптар тек сот өндірісі және нақты деректерді анықтау мақсатында ғана пайдалануға болады. Соған қарамастан және қалай екені белгісіз, бұл аудиожазба Ratel.kz интернет-ресурсына жетіп, осы желі арқылы көпшілікке тарап кетеді. Сөйтп, ұзақ жылдар сот саласында әділ әрі үлгілі қызмет еткен қазыны қудалау басталады.

– Осы күнге дейін мен ешқашан еңбек тәртібін, судьялық әдеп нормаларын бұзған емеспін. Атырау, Қарағанды облыстарында судьялық қызметте болдым. Бірнеше рет Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Грамотасы, Алғыс хаттарымен марапатталдым. II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» төсбелгісі, «Үш би» төсбелгісі, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталдым. Ешқашан жемқорлық әрекет жасаған жоқпын, процессуалдық емес байланыстарға бармадым, көпе-көрінеу заңсыз қаулылар қабылдамадым, заңсыз әкімшілік жауапкершілікке тарту немесе жауапкершіліктен босатуға жол бермедім, – дейді Ақтөбе облыстық сотының судьясы Еркін Жапаров.

– Тайпановтың ісін қараған сот отырысы кезінде де мен еш артық сөз айтқаным жоқ, тікелей ешкімді балағаттамадым, былапыт сөз айтпадым. Мені қудалауға себеп болған сөздер процесс қатысушылары бейнебайланыстан ажыратылған соң айтылды. Менің сол күнгі абайсыздығым, сабырсыздығым шектен тыс шаршағандықтан деп ойлаймын. Себебі, 16 қаңтар, жексенбі күннен бастап, мен алқа төрағасы К.К.Елемесовтің өтінішімен, 28 қаңтарға дейін он үш күн бойы танертеннен түн ортасына дейін демалысыз жұмыс істеп, митинг қатысушылары мен коменданттық сағат тәртібін бұзғандардың ісін қарап, олардың жазасын жеңілдетуге қарай жұмыс жүргіздім. Осы кезінде 150 іс қарадым, түскі ас та ішпей түн ортасына дейін істеген күндерім де болды. Мұны бейнебақылау камералары және «Төрелік» жүйесіне енгізілген қаулылар арқылы тексеру қиын емес. Жалпы, 16 қаңтардан 7 ақпанға дейін прокурорлардың өтініші мен әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалардың шағымы бойынша 305 іс келіп түссе, мен соның 200-ден астамын қарадым. Өйткені, облыстық соттағы әкімшілік істерді қарау негізінен маған жүктелген. Бұл дегеніңіз, он үш күнде мен бүкіл 2021

жылы қараған істерімнің үштен бірін қарадым деген сөз, ал ол кезде ай сайынғы жүктеме 40 істен сәл-ақ асатын. Облыстық соттың бір судьясы үшін бұл аса шектен тыс жүктеме!

Салыстыру үшін, 17-28 қаңтар күндері қылмыстық және азаматтық алқалардағы басқа судьялардың жүктемесі аптасына орташа 2-3 іс десек, маған түскен жүктеме нормадан 25 есе (!) артық.

Сонымен бірге, егер прокурорлардың апелляциялық өтініштері бойынша түскен істерді қарау кезінде шешім шығаруда көп қиындық кезікпесе, қамаудағылардың шағымы бойынша ұқсас жағдайда айыпталғандардың ісін қарау кезінде прокурорлар оларды босатуға қарсы болды және бұл қосымша шиеленістер тудырды. 17 және 25 қаңтар, Е.Тайпановтың ісі қаралған күндері мен 30 іс қарадым. Барлық істер қамаудағы тұлғалар отырған жерде интернет-байланыс нашар жағдайда қаралды. Бұл да қосымша қиындықтар тудырды.

Бұл – аса шектен тыс жүктеме және қамаудағыларды босату жөнінде шығарылған қаулылардың көшірмесін сол сәтте адамдар қамауда отырған орындарға жіберу қажет, оған да біраз уақыт кетеді. Оның үстіне қаулыларды қамауға алған бірінші сатыдағы соттың судьясы, қаулының көшірмесі ниеті жаман адамдардың қолына түссе, ыңғайсыз жағдайда қалмайтындай етіп дайындау керек. Сондықтан облыстық сот бірінші инстанциядағы сот қаулыларының заңдылығы мен дәлелділігін заңды дей отырып, сонымен бірге атқарылған мерзіммен шектеліп, құқықбұзушыны босату мүмкіндігін де заңды дейтіндей қорытындының болуы назарда ұсталды.

**Жоғарғы Соттағы Сот жюриі 2022 жылдың 16 маусым күні «Еркін Жапаров былапыт сөз айтып, судьялық этиканы тұрпайы түрде бұзды» деп айыптап, қызметінен босату жөнінде шешім шығарды. Ал судья бұл сөзді ешкімге қаратып айтпағанын және ыңғайсыз оқиға бейнебайланыс үзілгеннен кейін орын алғанын алға тартып отыр. Сонда бір ауыз қисық сөз үшін сан жылы абыройлы еңбекті жоққа шығаруға бола ма?**

Міне осындай жағдайда істі қарауды кешіктіре берген Е.Тайпановтың жосықсыздығы шиеленісті жұмыс ырғағын әбден бұзды.

Сондай-ақ, бұл жерде 2020 жылы облыстық соттың төрағасы міндетін атқарушы К.К. Елемесов және 2021 жылы 30 қараша күні алқа төрағасының ұсынысымен мен екі аптадан соң еңбек демалысынан шақыртылып жұмысқа қосылғанымды айта кету керек. 2021 жылы облыстық сот судьяларының орташа жүктемесі 100 істен аспаған жағдайда мен 450-ден аса іс қарадым.

Еңбек демалысы кезінде толыққанды тынығу болмаған соң, 16-28 қаңтар аралығында он үш күн бойы тынығу мен тамактану тәртібі бұзылғандықтан мен шектен тыс дәрежеде шаршадым, турасын айтсам, әрең жүрдім. Соның салдарынан менде гипертоникалық сырқаттың асқынуы белең алды, қандағы қант мөлшері күрт көтеріліп, тізе буынының артрозы асқынды және қатты ауырғанымды сезіндім.

Соған қарамастан істерді апелляциялық өтініш түскен күні қарадым. Мысалы, 16 қаңтар, жексенбі күні – 10

іс, 17 қаңтар күні – 23 іс, 18 қаңтар күні – 50 іс, 19 қаңтар күні – 24 іс. 21 қаңтардан бастап жұмысқа қан құрамындағы қант мөлшерін түсіретін дәрілер қабылдап, ауруды бәсеңдететін екеп салғызып, таякка сүйеніп келіп жүрдім. Сонда да стационарлық, тіпті амбулаториялық ем алуға кете алмадым.

Бірінші сатыдағы сот судьялары, меніңше алқа төрағасы К.Елемесовтың тапсырмасын орындау үшін қамауға алуды заңсыз қолдануы жатты. 5 қаңтар күні мен К.Елемесовке барласып, қоғамда әлеуметтік шиеленіс туындамасын десек, митингке қатысқан тұлғаларға қатысты әкімшілік тұтқынға алуды заңсыз қолданбау үшін бірінші инстанциядағы судьялармен тиісті жұмыстар жүргізу керек деген ұсыныс білдірдім. Себебі, кейін бұл істер әкімшілік жауапкершілікке тартуды жеңілдету жағына қарай қайта қаралуы мүмкін.

ӘҚБК-нің 43-бабы, ӘҚБК Ерекше бөлімінің тиісті бабында санкцияда ескерту түріндегі баламалы жауапқа тарту және айыпты ауырлататын мән-жайлар болмаған жағдайда, соттарды құқықбұзушыға қатысты «ескерту» түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартуды қолдануға міндеттейді.

Сот алқасының төрағасы менің бұл ұсынысымды елеменгенім тұрмай, «митингке қатысқандар толық жауапқа тартылуы тиіс» деді. Сөйтп, сот алқасының төрағасы бірінші инстанциядағы соттарға митингке қатысқандар және төтенше жағдай тәртібін бұзғандарға қатысты ең қатал әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде тапсырма берді. Мен мұны негізді түрде нық айта аламын, себебі мен қайта қараған істерде құқықбұзушылардың әрекетін-

айыппұл төлеуден босатылуы прокуратура органдарының және сәйкесінше менің әрекетіме қатысты WhatsApp желісі арқылы маған: «Саған құрметпен қараушы едім, бәрін бұлдірдің» деген жазба жіберген алқа төрағасының наразылығын тудырды. Осылай мен облыстық сот басшылығының алдағыны болжай алмайтын әрекеті және прокуратура алдындағы жарамсақтығының тұтқынға айналуына мүмкін, келешекте қаңтар оқиғалары бойынша әкімшілік құқықбұзушылық істерін қайта қарау жеке зерттеудің нысанына айналар, себебі осындай істер бүкіл ел көлемінде қайта қаралуға.

Бұдан он-он бес жыл бұрын мен бұл жүктемені қиналмай көтерем едім. Бірақ жасы 60-тан асқан, тұла бойымда сан түрлі сырқат пайда болған кезде өте ауыр екен. Шектен тыс жүктеме жүйкені құрттып, сол сырқаттың кесірінен Е.Тайпановтың жүріс-тұрысынан, істеген әрекетінен шаршағандықтан, оған қатысты аузымнан былапыт сөз шығып кетті. Өйткені, Тайпановтың ісі 17 қаңтар 2022 жылы апелляцияға белгіленген еді. Бірақ оған істі қарау уақыты жөнінде нақты хабарланса да видеоконференц байланысқа шықпады, оның мүддесіне Д.Молдағалиева өкілдік етті. Мен оған ӘҚБК-тің 748-бабының мазмұнын түсіндірдім және істі қарау кезінде қатысу құқығы бұзылмауы үшін істі қарауды 25 қаңтарға қалдырдым.

Белгіленген күні Е.Тайпанов сот отырысы хатшысының бірнеше қайта-қайта сокқан қоңырауына бос еместігін, сот отырысына қатыса алмайтынын айтты: «менің қазір уақытым жоқ, басқа уақытқа қалдырыңдар!» деп өте дәрекі жауап берді. Нәтижеде сот отырысы 28 қаңтарға қалдырылды.

## Бұл сөз қолданыста бар ма?

Негізінде, менің айтқан сөзім жөнінде Д.Молдағалиева мен Е.Тайпанов 7 ақпан күні аудиожазбаның көшірмесін алғанға дейін білген жоқ. Оларға процесстің дыбыстық жазбасына қолы жеткен біреу хабарлаған деп ойлаймын. Менің бұл ойымды Ratel.kz интернет-ресурсында жарияланған «Актюбинские судьи сливают друг друга» деген жарияланым да дәлелдейді. Менің жіберген ағаттығым әлеуметтік желіде жарияланымдардың пайда болуына және кейбір ұнамсыз пікірлердің айтылуына себеп болды. Бірақ, сонымен бірге құқықбұзушының жүріс-тұрысы мен мінез-құлқын, әрекетін қаралап, менің атыма білдірілген жақсы лебіздер де өте көп.

Олардың арасында Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты Жанар Исаның ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Асанов мырзаның атына жазған хатындағы «Судья Е.М.Жапаровтың заңды және әділ шешімі Грузия азаматының көзіне Қазақстанның сот жүйесінің имиджін нығайтуға өз септігін тигізді деп ойлаймын» деген, Иса Момбаевтың «Өте ақылды судья, егер екі ең түсініксіз істі бір іске біріктірсек, сүтті судан өте ептілікпен ажырата алады» деген, Әділбек Жиенбаевтың «Еркін Жапаров өте сауатты маман және әрқашан заңдылық пен әділдікті сақтайтын терең парасатты, өзгелердің тағдырына бей-жай қарамайтын адам» деген сияқты жүзеге шыққан пікірлерін келтіруге болады.

## Базына

Соған қарамастан Сот жюриі 2022 жылдың 16 маусым күні «Еркін Жа-

паров былапыт сөз айтып, судьялық этиканы тұрпайы түрде бұзды» деп айыптап, қызметінен босату жөнінде шешім шығарады. Ол негізінде бұл сөзді ешкімге қарата айтпағанын және ыңғайсыз оқиға бейнебайланыс үзілгеннен кейін орын алғанын айтады. Тіпті, бейнебайланыс кезінде әдейі айтылғанның өзінде судьяның аузынан шыққан «пидор» деген сөз әдеби қолданыста бұрыннан бар. Оған мысал, 1973 жылы жарық көріп, Нобель сыйлығын алған Александр Солженицыннің әйгілі «Архипелаг ГУЛАГ» шығармасында бұл сөз бірнеше жерде кездеседі. Сондай-ақ, Леонид Габышевтің «ОДЛАН или воздух свободы» деген кітабында да қолданылған. Бұл кітап үшін ол КСРО Ішкі істер министрлігінің арнайы сыйлығын алған. Станислав Говорухин түсірген «Асса» кинофильмінде де осы сөз айтылады. Бұл фильм кезінде «Кинотавр» байқауына ұсынылған. Ожегов пен Шведовтың «Толковый словарь русского языка» сөздігінде «педераст» сөзінің ұғымы берілген. Бұл сөз Андрей Белыйдің «Меж двух революций», Пришвиннің «Лес» атты кітабында да кездеседі. Тіпті Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 104-бабының түсіндірмесінде 1997 жылға дейін болған. Соған қарағанда, аспан аударылып жерге түсетіндей жағдай орын алмағаны көрініп тұр.

Мұның бәрі, онсыз да елімізде сотқа деген сенімге, соның салдарынан мемлекеттік билікке деген сенімге сызат түсіп тұрғанда, соттардағы онсыз да аз білікті билерді қудалаудың мысалы іспетті.

Ең өкініштісі, өмір бойы адал қызмет етіп, әділ би атанған, ешқашан артық дүние жимаған, денсаулық жағдайы, әбден шаршағанына қарамай, өз жұмысын заңға сай және асқан жауапкершілікпен атқарып келген білімді, білікті маман еріксіз шығып кеткен бір ауыз былапыт сөзге бола қызметтен босатылғалы тұр! Оның үстіне, зейнеткерлікке шығуына да екі жылдай ғана уақыт қалыпты. Обал-ақ!

## Президент пайымы

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында отандық БАҚ жайлы: «Мемлекет ашық ақпараттық кеңістік пен сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралдарын құруға айрықша назар аударады. Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтере алады және көтеруге міндетті. Бірақ, мұны жоғары азаматтық жауапкершілікпен жасау керек. Біздің қоғамымызды ыдырату үшін сырттан берілетін тапсырыстармен жұмыс істеуге немесе көлеңкелі қаламақы үшін саяси қландардың астыртын тартысына қатысуға болмайды», – деген еді.

Ал 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында: «Қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек. Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен барлық судьяның мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек», – деді.

Демек, қазіргі күнгі қазылар қауымының құрамы Мемлекет басшысының көңілінен шықпайды деген сөз. Ендеше осы тапсырма жедел іске асырылса екен! Әйтпесе, онсыз да аз әділ билерді қудалап, Әділетті мемлекетті қалай құрамыз?! Облыстық сот басшылығы бұл судьяны еңбек демалысынан шақыртып алып, мұрнынан қан аққанша аямай жұмысқа салды. Енді бір сөзге бола біржола құтылғалы отыр. Бұлардың әрекеті «есектің еңбегі адал, еті арам» немесе «Мавр өз ісін атқарды, енді ол кетуі керек», дегендей болып тұр.

Осыған байланысты Жоғары сот кеңесі бұл мәселеге жеткілікті назар аударып, тиісті шешім қабылдайды деп сенеміз. Өйткені, бұл Кеңестің мүшелері сот жұмысының қиындығын жақсы білетін білімді, білікті, мол тәжірибеге ие, қандай жағдайға да түсіністікпен қарай білетін адамгершілігі жоғары азаматтар екеніне шүбә жоқ!

Құтқамғамбет ҚОНЫСБАЙ,  
журналист

**КОДЕКС**

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық сотының статистикалық мәліметтеріне сәйкес 2022 жылғы қыркүйек айына дейін сотқа барлығы 551 талап қою келіп түскен, соның ішінде сот орындаушылардың әрекетін (әрекетсіздігін) даулау – 177, салық даулары – 100, жер даулары – 73. Демек, сотқа түскен талап қоюлардың ішінде жер дауларына қатысты істер үшінші орында тұр.**

кемінде 5 жыл тұратын адамдарға орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес жер учаскесін алу кезінде олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша балл беру түрінде артықшылық беріледі.

Қағиданың 23-тармағына сәйкес, осы ауданда, қалада, ауылда, кентте

# АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕР ИЕЛЕНУ ҚҰҚЫҒЫН МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАЙДЫ

Жер дауларының басым бөлігі кандай себептерден туындайды?

Ең бірінші мәселе, ол жер учаскесіне құқық беру тәртібінің сақталуы. Бұл тәртіп ҚР Жер кодексінің 43-бабында толық реттелген.

Аталған заң талаптарына сәйкес, егер жер беруден бас тартылса, ол жөнінде әкімнің тиісті қаулысы шығарылуы керек және ол шешім уәжді болуға тиіс. Алайда, көптеген жағдайда жеке және заңды тұлғалардың жер учаскесіне тиісті құқық беру туралы өтініштері бойынша әкімнің қаулысы қабылданбай, «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің хаттары жолданады. Бұл ретте әкімнің әрекетсіздігін заңсыз деп тану туралы даулар орын алуда. Осы мәселе бойынша сот практикасының және түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде жергілікті атқарушы органның жұмысы ретке қойылды деуге болады.

Егер аталған даулар жергілікті атқарушы органмен заңда белгіленген тәртіп сақталмау салдарынан орын алса оған жер заңнамасының толық жетілмегені, заң талаптарының дұрыс түсіндірілуінен.

Мысалы, көбіне талап қоюшылар жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге беру жөніндегі конкурс нәтижесімен келіспей, жер комиссияларының хаттамалық шешімдері мен әкімдердің қаулыларын даулаған.

Конкурсты өткізу тәртібі кодекстің 43-1-бабымен және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығымен бекітілген қағидалар негізінде реттеледі. Әрине, қағиданың талаптары орындалуы қажет.

Сонымен қатар, кодекстің 43-1-бабында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімін



**Ж.СУЛТАНОВА,**  
Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

және конкурстық ұсыныстың нысаны мен мазмұны көзделген. Осы талаптарға сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға өтінім қабылданбайды.

Алайда жер комиссиясы тарапынан заң талаптары дұрыс қолданбай, конверттерді мүлдем ашпау фактілері орын алған. Бұл ретте қағидаға өзгеріс енгізіп, кодекстің талаптарына сәйкестендіру қажет. Сонымен қатар, қағиданың талаптары түсінікті болуға, оны қолдану барысында қандай да бір сұрақ туындамауы тиіс.

Сонымен қатар, кодекстің 43-1-бабының 14-тармағына сәйкес, шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазын жер комиссиясы тиісті өлшемшарттарды ескере отырып, балл беру арқылы конкурстық ұсыныстарды салыстыру негізінде айқындайды.

Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте

кемінде 5 жыл тұратын адамдарға конкурстық ұсыныстарына қосымша 10 балл беру түрінде артықшылық беріледі.

Жергілікті тұрғындарға қосымша балл беру жөнінде өзгерістер жер заңнамасына ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап енді. Алайда қосымша балл беру тәртібі орталық уәкілетті органмен толық айқындалмаған, соның салдарынан даулар туындауда.

Атап айтқанда, конкурстың болатыны, өтінімге қоса қандай құжаттар табыс ету қажеттілігі жөнінде хабарламада көрсетіледі, алайда хабарламада конкурсқа қатысушының тұрғылықты жері туралы анықтама ұсыну қажеттілігі көзделмеген.

Сондай-ақ, аталған құжатты (анықтаманы) конкурсқа қатысушы табыс ететін немесе жер комиссиясымен тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан сұрату арқылы анықталатыны нақты көрсетілмеген. Осы жайтты, яғни, адамның тұрғылықты жерін айқындайтын тәртіп әлі белгіленбеген.

Сонымен қатар, «www.egov.kz» ақпараттық порталы арқылы тұрғылықты жері бойынша қай уақыттан бері тіркеуде тұрғаны туралы анықтама берілмейді, тиісті анықтаманы ауылдық округ әкімі де бере алмайды.

Бұл ретте қағидаға өзгерістер енгізілуі қажет, себебі конкурсты өткізу тәртібі нақты және түсінікті болуы тиіс. Аталған кемшіліктер салдарынан жер дауларының саны көбейіп, конкурс нәтижесі бойынша қабылданған әкімшілік актілер бұзылуы мүмкін. Бұл дегеніміз, қайта конкурс өткізу, ол үшін қосымша уақыт және материалдық шығындар қажет.

Қорытындылай келе, алдағы уақытта аталған кемшіліктерді болдырмау мақсатында жер заңнамасына дер кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, заң талаптарын қатаң сақтап, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу қажет.

**ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ**

## СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУ – ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУ

**Сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаты негізінде бүгін барлық сот отырысы, кейбір заңмен белгіленген тұстарды есепке алмағанда, ашық өтіп жатыр. Кез келген сотта қаралып жатқан іске қызығушылық танытқан тұлғаның үдеріске қатысуына мүмкіндік бар.**

Алайда ашық сот отырысына бақылаушы ретінде қатысқан адамдардың немесе іс бойынша тараптардың судьяға қарсы тіл тигізіп жататын жағдайлары да кездеседі. Бұл әрекеттер сот төрелігін іске асыру барысындағы басты міндеттің бірі – сот отырысының тәртібін қатаң сақтау қағидатының ескерілмеуінің, орындалмауының көрінісі. Өз құқығын теріс пайдаланумен ұштасқан қисынсыз іс-әрекеттің барлығы үшін тиісті жауаптылық заңмен қарастырылғанын естен шығармаған жөн.

Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандайда бір араласуға жол берілмейтіні, сотқа немесе судьяға құрмет білдірмеу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатындығы Конституцияның 77-бабында және ҚР Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы конституциялық заңда көзделген.

Сот отырысын өткізуге кедергі келтіретін тұлғалар өздерінің әрекетімен сотқа және сотқа қатысушы тараптарға істі шешуге мүмкіндік беретін мән-жайдың жан-жақты, толық зерттелуіне кедергі келтіріп қоймай, тараптардың дәлелдеме келтіру құқығына мұра бермейді.

Сотты құрметтемеу бойынша әкімшілік жауаптылық Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабында көзделген. Прокурор мен адвокаттар тарапынан сотты құрметтемеу фактілері орын алған жағдайда да жауаптылық қарастырылған. Мұндай жағдайда сот жеке қаулы шығарып, құзырлы органға тиісті шара қолдану үшін жолдайды.

Тәртіп бұзғаны үшін сот отырысы залында қатысып отырған, бірақ процеске қатыспайтын адамдар төрағалық етушінің өкімі бойынша сот отырысы залынан шығарылады. Бұған қоса, сот оларға ақшалай өндіріп алуды қолдануы мүмкін. Ал егер сот отырысындағы тәртіп бұзушының әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, сот материалды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау туралы мәселені шешу үшін прокурорға жібереді. Қылмыстық кодекстің 410-бабында да сот талқылауына қатысушыларды қорлаудан және судьямен алқаби мүшелерін қорлаудан көрінген, сотты құрметтемеу фактісі бойынша қылмыстық жауаптылық көзделген. Бұл әрекеттер үшін айыппұл, түзеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу жаза түрлері де қарастырылған. Қылмыстық жауаптылыққа сот процесіне қатысы бар тұлғалар да, осы істің қаралуымен байланысты сот залындағы басқа да тұлғалар тартылуы заңмен көзделген.

Сот отырысы барысында сыйластық, саналылық принципін бұзу, құқықты теріс пайдалану, ең алдымен, қоғамда құқықтық мәдениеттілікті көтеруге айтарлықтай кедергі келтіреді. Осы орайда, әрбір сотқа қатысушы тұлға сот отырысына қатысқанда тек өзіне ғана емес, өзгеге де құрмет көрсете білсе, құқықтық мәдениетті жоғары деңгейге көтеру мүмкіндігі туар еді.

**С.МУХАНОВ,**  
Мұғалжар аудандық сотының аға сот приставы, құқық магистрі АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

**ІНДЕТ**

## ӘДІЛДІК ЖОҚ ЖЕРДЕ ПАРА БЕЛЕҢ АЛАДЫ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Жемқорлық мемлекеттік құрылымды іштей бұзып, еліміздің дамуына, халқымыздың игілігіне барын салуда дайын азаматтардың прогрессивті бастамаларын жоққа шығарады. Бұл дертті жаппай жою жолын жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастырудан бастауымыз керек. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына

және орындалуына көмектесудің алғышарттарының бірінен саналады. Атап айтқанда, ол үшін, ең алдымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қажет.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігін неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген накыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз. Жемқорлықты жою – еліміздің фундаменталды құндылығы – тәуелсіздігімізді нығайтатын негізгі шарттардың бірі. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Өзара сенім, жауапкершілік пен серіктестік негізінде мемлекет, қоғам бірігуі, қоғамдағы жемқорлыққа қарсы пікір мен құқықтық сананы қалыптастыру еліміздегі жемқорлық деген әлеуметтік мәселені жоятынына сенімдімін. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Тек қана осындай түсінік қоғамның алға басып, дамуына жол ашады.

**Т.КАФЕЗОВ,**  
БҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сот приставы

**БІЛГЕН ЖӨН**

# ТАРАПТАРДЫ ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ

**Тараптарды сот отырысына шақырып, оны ұйымдастыру хатшының тікелей міндеті. Бұны өз деңгейінде орындау сот отырысы хатшысының біліктілігіне байланысты.**

Іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ, куәлер, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар сот отырысының немесе жекелеген процестік әрекеттерді жасаудың уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың шақыру қағаздарымен сотқа шақырылады. Іске қатысатын адамдар, куәлер, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар электрондық пошта мекенжайы, сот кабинеті немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша хабарлама жіберу арқылы, сондай-ақ, хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де электрондық байланыс құралдарын пайдалана отырып хабарлануы немесе шақырылуы мүмкін.

Электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе хабарлаудың, шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де электрондық байланыс құралдары туралы мәліметтер болмаған жағдайда, соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама белгілі болған соңғы тұрғылықты жері немесе тұрған жері бойынша жіберіледі. Егер сотқа хабарланған мекенжайы бойынша адам іс жүзінде тұрмайтын болса, хабарлау немесе шақыру оның жұмыс орны бойынша жіберілуі мүмкін.

Электрондық байланыс құралдары арқылы жіберілген бірінші хабарлама бойынша тарап келмеген жағдайда, қайта хабарлау соттың хабарлауының немесе шақыруының тіркелуін қамтамасыз ететін байланыстың және жеткізудің өзге де электрондық құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

Адресатқа электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша оларды жөнелту уақыты растайтын есеппен тіркеледі, ал қолма-қол жеткізілген жағдайда, сотқа қайтаруға жататын шақыру қағазының түбіртегінде немесе өзге де хабарламаның көшірмесінде белгіленеді.

Соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды жеткізу тапсырылған адам оның тапсырылған күні көрсетілген және адресаттың оларды алғандығы жөнінде қолы қойылған шақыру қағазының түбіртегін немесе өзге де хабарлаудың көшірмелерін сотқа қайтаруға міндетті.

Қазақстаннан тыс жерде жүрген, шақырту бойынша келген куә, жәбірленуші, азаматтық талап қоюшы, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері, сарапшы өзінің азаматтығына қарамастан, Қазақстанның мемлекеттік шекарасын кесіп өткенге дейін орын алған іс-әрекеті үшін немесе үкімдердің негізінде Қазақстанның аумағында қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды, күзетпен қамауға алынбайды немесе оларға басқа да процестік мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды.

Шақыртылған адам, егер ол қылмыстық процесті жүргізетін органның оның қатысуымен процестік әрекеттерді жүргізудің қажеті жоқтығы туралы жазбаша хабарламасын алған кезден бастап он бес тәуліктің немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген өзге мерзімнің ішінде Қазақстан аумағынан кетпесе немесе егер ол осы жерге өз еркімен қайтып келсе, осы бапта көзделген кепілдіктерден айырылады. Осы адам мүмкіндігі болып тұрса да, өз кінәсіне байланысты емес себеппен Қазақстан аумағынан кете алмаған уақыт бұл мерзімге есептелмейді.

Шақырту туралы тиісті түрде хабарланған адамның келмеуінің дәлелді себептері болып: адамды келу мүмкіндігінен айырылған ауруы, жақын туыстарының қайтыс болуы, дүлей зілзала, адамды белгіленген уақытта келу мүмкіндігінен айыратын өзге де себептер танылады. Күдікті, айыпталушы, сотталушы, сондай-ақ, куә және жәбірленуші шақыру бойынша белгіленген мерзімде келуге кедергі келтіретін дәлелді себептері туралы өздерін шақырған органға хабарлауға міндетті.

**Н.АСЫЛБЕКОВА,**  
Қызылорда қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ОҢ ҚАДАМ

# САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖҰМЫСҚА СЕРПІН БЕРДІ

**Мемлекет басшысы цифрландыру дегеніміз бір ғана саланы немесе бір бағытты дамыту емес екенін айтып, оның ең алдымен, экономиканың, өнеркәсіптің және қоғамның дамуына түбегейлі өзгерістер әкелуі қажеттігін назарға салғаны белгілі.**

Бүгінгі таңда Президент тапсырмасына орай, елімізде әрбір саланы қарқынды цифрландыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Оның ішінде сот жүйесінің қызметтерін жүзеге асыруда ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін арттыру күн тәртібінен түскен емес.

Өз кезегінде соттағы ІТ қызметі азаматтардың сотқа жүгінуін жеңілдетіп, тараптардың сот отырысына қашықтан қатысуын қамтамасыз етті. Қазіргі таңда ІТ технологияның дамуына сондай, шалғай жерден қалаға немесе облысқа ат арылып барудың қажеті болмай қалды десек артық айтқандық емес. Себебі, соттағы сандық технология, яғни, бейнеконференц байланыс

арқылы кедергісіз жиналыстар, семинар мен түрлі іс-шаралар өткізуге жол ашып берді.

Қарапайым адамға түсінікті әрі қолжетімді соттағы сервистердің бірі – «Сот кабинеті». Аталған жүйе арқылы қарапайым азаматтар сотқа келмей-ақ, электронды түрде талап арыз, шағым, өтініш беруге, мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлеуге, одан әрі сот құжатын бақылап, тіпті, сот актісін басып шығарып алуға толық мүмкіндік алып отыр.

Бір айта кетерлігі, «Сот кабинеті» сервисін пайдалану үшін электронды цифрлы қолтаңбаның болуы жеткілікті. Өзге адамдардың байланысысыз, яғни қызмет көрсету, қызметті алу элек-

тронды түрде жасалатындықтан, бұл сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті



төмендетуге ықпал ететінін атап өткен жөн. «Сот кабинетінің» басты артықшылығы, уақытты үнемдеп, жолға жұмсайтын шығынды азайтты.

Сондай-ақ, «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарында барлық сот процестерін бейне және дыбыс таспаға жазу арқылы жүргізуге және судьяның бейнежазбаны тоқтатуға, оны редакциялауға мүмкіндігі болмауы тиіс екендігі ескерілгені белгілі. Нәтижесінде, сот залдары толығымен дыбыс-бейнежазба құрал-

дарымен жабдықталып, барлық сот процестері таспаланы келеді. Сот отырыстарын дыбыс-бейнежазбаға түсіру сот талқылауы барысын дәл тіркеу үшін сот ісін жүргізу мақсатында, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік сот ісін жүргізуде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде немесе тәртіптік іс бойынша іс жүргізу шеңберінде нақты деректерді белгілеу мақсатында пайдаланылады. Осы орайда, сот отырысы барысында дыбыс немесе бейнежазба құралдары үздіксіз пайдаланылатынын атап өткен жөн.

Тағы бір айта кетерлігі, соттар істерді онлайн режимде қарауда. Әсіресе, соттардың істерді үздіксіз қашықтан қарауы карантин кезінде қарқын алғаны белгілі. Бір қуантарлығы, карантин шаралары аяқталғанымен, онлайн сервистер өз өміршеңдігін көрсетіп, әлі де іске WhatsApp, Skype, Zoom бағдарламалары арқылы тараптар қосылып, қатысуға.

Қорыта айтсақ, заманның талабына сай, соттарда цифрлық технологияны қолдану жетістікке жетелейді. Себебі, сандық технология сот ісін жүргізуді жеңілдетіп, кедергілерді қысқартты.

**Қанат НҰРҒАБЫЛҰЛЫ,**  
**Мұнайлы аудандық сотының судьясы**  
**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

## ЖОҒАЛТУ

10. «Алматы завод Эталон» АҚ, БСН 920740001629, орналасқан жері: 050002, Алматы қаласы, Мелеу ауданы, Қонаев көшесі, 32 үй, жоғалуына байланысты мына құжаттардың жарамсыз деп танылуын хабарлайды: 13.06.2005 жылы берілген №А0111 Құнды қағаздар эмиссиясының мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігін; Барлық өзгертулермен және толықтырулармен акцияларды шығару проспектісі; Акцияларды орналастыру есебі және тиісті хабарламалар.

## ТАРАТУ

2. «Каспий аймағының батырлары» тарихи-патриоттық орталығы» қоғамдық қоры, БСН 180640005215, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, «Жұмыскер» шағынауданы, Аюп Амантурлин көшесі, 16 үй, пошта индексі 060000.

5. «Super Star Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 091040000682), заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Жетісу-2 ықшамауданы, 51 үй, 34 пәтер, жалғыз қатысушының 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 22/3 шешімі негізінде микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға 2021 жылғы 29 наурыздың № 02.21.0051.L лицензияның қолданысын ерікті түрде тоқтатқаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 266 үй мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: +7 707 878 2227

7. «JEM VOIY» ЖШС, БСН 180140002084, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: РҚ, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Ғалымжан Қожағұлов көшесі, 62/1 үй.

11. «Home-Office» жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымы, БСН/ЖСН 220340039734, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, 9-қабат, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, 9-қабат, тел.: +77273551120.

12. «Жандос Прайм» ЖШС, БСН 190940017063, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Қажымұқан көшесі, 4 үй, 52 пәтер, тел.: 87052793577.

14. «TOOMeri» ЖШС, БСН 191140000508, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жаңаөзен қаласы, «Шұғыла» шағынауданы, 8/9 үй, 3 пәтер.

## ӨРТҮРЛІ

3. «БҚО әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» ЖШС, БСН 010740002558, жарғғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір айдың ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179 үй.

13. «Қазкредит» микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 170840016731, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті өтініш жасағаны туралы хабарлайды. Лицензия №02.21.0081.M 14.05.2021 ж.

4. Лептоспироз, листериоз ауруларының алдын алу іс-шаралары Лептоспироз – зоонозды қауіпті жұқпалы ауру. Инфекция көзі – жабайы кеміргіштер мен сүтқоректілер. Лептоспироз адамдарға лептоспира бактерияларымен ластанған су, топырақ, ас тағамдары, термиялық өңдеуден өтпеген ет және сүт өнімдерін пайдаланған кезде жұғуы мүмкін. Лептоспироз ауруы бауыр, бүйрек және майда қан тамырларды зақымдайды.

Листериоз – адамдар мен жануарлардың арасында кеңінен тараған қауіпті жұқпалы ауру. Листериоз ауруы орталық жүйке жүйесін, лимфа бездерін, бауыр және бүйректі зақымдайды. Табиғатта листериоз ауруын ең көп тарататын тасмалдаушысы – кеміргіштер. Адамдар мен жануарлар ластанған азық-түлік өнімдерін тұтынған кезде ауруды жұқтыруы мүмкін. Листериоз тоназытқышта да өмір сүру қабілетіне ие.

Әдетте лептоспироз және листериоз ауруларын анықтау өте қиын, себебі бұл аурулардың көрінісі ангина, ЖРВИ, менингит және қан аурулары сияқты кеңінен таралған ауруларға ұқсайды.


Лептоспироз, листериоз ауруларынан сақтану үшін шикі және термиялық өңдеуден өтпеген өнімдерді пайдаланбау, сондай-ақ жеміс-жидек, көкөністерді таза сумен тазалап жуу, асханада тазалықты сақтау, тоназытқышта тамақ сақтау ережесін сақтау, шикі суды ішпеу қажет. Лептоспироз, листериоз ауруларымен сырқаттанудың алдын алу бойынша санитарлық-эпидемияға қарсы, санитарлық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитарлық талаптар жағдайды бағалау және адамдар арасында инфекцияның туындауына, таралуына, эпидемиялық ошақтарды қалыптастыруға жол бермеуге бағытталған шараларды әзірлеу болып табылады. Яғни, қоршаған ортада қоздырғыштың айналымын, тамақ өнімдерінің ластануын алдын алу, тамақ өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде ауру қоздырғыштарының таралуымен алдын алатын санитарлық-гигиеналық іс-шаралар кешенін жүргізу.

**И. АУБАКИРОВА,**  
**ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМҚ**  
**«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының камералық ошақты және өндірістік дезинфекциялау бөлімінің басшысы**

8. ЖАРНАМА  
ЧОУМ 1-ші ОТБАСЫ СОТЫНАН  
НЕПТЭП №:2014/297  
ШЕШІМ №: 2018/734  
Біздің сотта талапкер ГҮЛЕР ӨКМЕН-ге (GULER OKMEN) қарсы қозғалған ажырасу (Неке одағының шайқалуына байланысты ажырасу (дауы) ісін) ашық сот талқылауының соңында:

- ҮКІМ ІСПІ ҚАБЫЛДАУҒА.**  
1. Чорум қаласы, Меркез ауданы, Қымықделілер көршілестігі/ауылы, 128-том, 10 үй, жеке реттік нөмірі: (БСН) 90-а халық дізінде тіркелген, 15/12/1972 жылы туған, ТР сәйкестендіру нөмірі: 26767507606, Расым және Мевлуде қызы, Талапкер ГҮЛЕР ӨКМЕН мен бірдей дәл осы жерде, Жеке реттік нөмірі: (БСН) 62-а халық дізінде тіркелген, 10/09/1968 жылы туған, ТР сәйкестендіру нөмірі: 26830505560, Хасан және Есма ұлы, жауапкер ЕРДАЛ ӨКМЕН-нің Түрік Азаматтық кодексі (ТМК) 166/1-2-бабына сәйкес АЖЫРАСУЫНА.
  - 2. Талапкердің өтемақы өндіру туралы талабы ішінара қабылдау-ішінара бас тарту арқылы шешімнің нақты аяқталуынан бастап өңдеуге басталуымен заңмен белгіленген пайыздармен 15 000,00 түрік лирасы ақшалай өтемақының жауапкерден алынып, талапкерге төлеуге.
  - 3. Талапкердің өтемақы өндіру туралы талабы ішінара қабылдау-ішінара бас тарту арқылы шешімнің нақты аяқталуына бастап өңдеуге басталуымен заңмен белгіленген пайыздармен 15 000,00 түрік лирасы моральдық өтемақының жауапкерден алынып, талапкерге төлеуге.
  - 4. Сотқа жүгінген күннен бастап айына 350,00 түрік лирасы сәйкес шарасы бойынша алиментті шешім аяқталғанға дейін жалғастыруға, шешім аяқталғаннан кейін айына 150,00 түрік лирасы арттыру арқылы айына 500,00 түрік лирасы келетін алиментті ретінде жауапкерден алынып, талапкерге төлеуге.
  - 5. Шешім қабылданған күннен бастап алынатын 35,90 TL алымын алдын ала алынған 25,20 TL шегерімен қалған 10,70 TL жауапкерден алынады және қазына кіріс ретінде жазылуына.
  - 6. Талапкер тарапынан сот ісі шығындары ретінде 20,40 лира алым, 43 түрік лирасы 4 шаққару, 229 түрік лира шегелі бухгалтерлік алым, 17 түрік лирасы 2 хаттамасы, 1900 түрік лирасы 9 ауларма шығыстарынан тұратын шығындыған барлығы 2239,40 түрік лирадан тұратын ақшаны жауапкерден өндіріп, талапкерге төлеуге.
  - 7. Талапкердің өзі сенім білдірілген тұлға арқылы өкілдік еткендіктен, шешім шығарылған күнгі қолданыстағы ең төменгі адвокаттық алым тарифіне сәйкес анықталған 2.180,00 түрік лирасы көлеміндегі бекітілген сенімхат үшін тіркелген адвокаттық ақы жауапкерден өндіріп, талапкерге төлеуге.
  - 8. Азаматтық іс жүргізу кодексінің (НМК) 333-бабына сәйкес қалған алаңкерлік төлем талап бойынша талапкерге қайтарылған.
- Осыған байланысты жауапкердің келмеуімен, қатысушысыз, талапкердің сенім білдірушісі адвокаттың (өкілінің) алдында шығарылған шешімнің Осы жағына тараптарға хабарланған күннен бастап 2 апталық заңды мерзімде біздің сотқа берілетін өтінішін Самсун облыстық сотына сотқа жіберілу үшін апелляция заңды түрде ашық болуымен, анық оқылып, ресми түрде көрсетілді.
- Хабарламаның орындалуы үшін жарнамамен хабарландыру жасалады. 02/12/2021 ж.  
UYAP ақпараттық жүйесінде бұл құжатқа <http://vatandas.uyp.gov.tr> интернет адресіне 510\*х8б/ROXc0A-sq3z3b0t-4TFWE арқылы қол жеткізе аласыз.

## Баспасөз – 2023



## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

**Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!**  
Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

**Жазылу индекстері:**  
✓ «Заң газеті»  
жеке тұлғалар үшін – 65921,  
**ҚАЛАЛАРҒА:**  
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕҢГЕ  
**ОБЛЫСТАРҒА:**  
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921  
**ҚАЛАЛАРҒА:**  
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕҢГЕ  
**ОБЛЫСТАРҒА:**  
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕҢГЕ  
✉ [zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)

## МҰРАҒЕРЛІК

6. 24.01.2022 ж. қайтыс болған а.С.Молдабекова Салтанат Жиенбекқызына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы бойынша орналасқан мекенжайға жеке нотариус А.Есимханова хабарласуыңыз қажет. Тел.: 87014743502.

15. 2022 жылдың 10 шілдесінде қайтыс болған Баялиев Нурлыбек Қуантаевичтің, 15.12.1965 жылы туған, қазасынан соң мұрагерлік істің ашылуына байланысты барлық мұрагерлердің мына нотариусқа хабарласуын сұраймын: Бейсенбаева Арайлым Саматқызы, Нұр-Сұлтан қ., Тұран, 18 үй, 99А кеңсе, 8-702-7000-999.

Қызылорда облыстық соты және Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымдары, ҚР Судьялар одағының облыстық филиалы отставкадағы судья  
**Елтай Саматұлының**  
қайтыс болуына байланысты отбасына көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,  
8 (708) 929-98-74  
E-mail:  
[zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)  
[zanreklama.kz](http://zanreklama.kz)

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

- ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 [www.gazetyisaiity.kz](http://www.gazetyisaiity.kz), e-mail: [vsegazety@mail.ru](mailto:vsegazety@mail.ru) Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қылысы, 208 кеңсе.
- ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.
- «KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: [kaldybaeva@mail.ru](mailto:kaldybaeva@mail.ru). Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
- ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

- «Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 8182221266 (жұмыс).
- «Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволева Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: [pazar.reklama@gmail.com](mailto:pazar.reklama@gmail.com)
- ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
- ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
- Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701
- «Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
- «ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
- «Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

- Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
- ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
- Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
- «Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
- ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: [zan-at@mail.ru](mailto:zan-at@mail.ru).
- «Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.
- «Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

- ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. [ardawka\\_94@mail.ru](mailto:ardawka_94@mail.ru), Тел.: 87058762218.
- «Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
- ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
- «Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78
- ЖК Тажидбаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
- ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-2228-64-13.
- ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.
- ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

## БАЙҚАУҒА

Якуттың Пролетар көшесіндегі үш көпқабатты үйдің ауласын сыпырушы болғанына бір аптадай уақыт болды. Бұған қосымша ол сол маңдағы тұрғындарға жүкші болып көмектесіп те аз-маз табыстады. Ал түнге қарай героин, кокс не синтетикалық есірткілерді пайдаланып, еліретін есірткіқұмар жастардың қолына түсіп қалмау үшін, жергөледегі бөлмесінің есігін қараңғы түскеннен бекітіп алады. Олардан бөлек, үйсіз-күйсіз қаңғыбастар да маза бермейді. Жаз аяқталып, күн суыта бастағанда, «бомбдар» жататын жылы орын іздесе, арақтан қайтпайтын маскүнемдер «өз отырыстарына ыңғайлы жер іздеп» есігін қағып тұрады.

Ресейдің Ленинград облысына қарасты Сольнокаменск қаласының жұлдызды сәті КСРО кезінде болған екен. Сол кезде алып мемлекеттің түкпір-түкпірінен оған жақын жерде орналасқан ірі темір кенішін игеруге жұмысшылар келіп, қала халқының саны жарты миллионға дейін жетіпті. Ал бүгінде қаланың негізгі табыс көзі – темір кеніші кен сарқылғандықтан өз күнін әрең көріп отырса, жергілікті тұрғындардың көбі жақсы өмір іздеп жан-жаққа кетіп қалған. Сондықтан «ресми түрде» 50 мыңдай-ақ тұрғыны қалған Сольнокаменскінің бір шетінде біреу түшкірсе, екінші шетіндегі адам «Сау бол!» дейтін дәрежеге жеткен. Қалада қылмыстың түр-түрі өршігенмен, жұрттың көбі бір-бірін танитындықтан жағдай бақылаудан тіптен шығып та кетпеген еді. Осындай тыныш қалада «Якуттың» пайда болуы, жергілікті денгейдегі айтулы жана-лық болды.

Қалалық соттың судьясы Надежда Мышкина сол күні де таңертең жұмысқа қала шетіндегі «Горькое» деп аталатын шағын өзеннің бойымен бара жатқан еді. Жасы елулерге келіп қалған оны адалдығы үшін жұрт сыйлайтын. Өз қызметін жеке пайдасы үшін пайдаланбайтын принципшілдігі үшін талай рет қастандықтан құрбаны болып қала жаздаған. Сонда да алған бетінен қайтпаған судьяны қаланың қылмыс серкелері де құрметтейтін. Сол себепті бір жылдай бұрын кеткеннен біреу судьяның баласын өлтіріп өзенге ағызып жібергенде, қылмыс серкелері жауызды өздері іздестіріп тауып, «басқаларға сабақ болуы үшін» аяусыз азаптап өлтірген. Сол кезде қалада «Өлтіруші ол емес, шын қылмыскер басқа екен» деген гу-гу әңгіме де шыққан еді.

Сол қайғылы жайдан кейін Надежда таңертең өзен жағасымен жұмысына жаяу баруды әдетке айналдырды. Оған осы өзенде тура бір баласының рухы әлі жүргендей сезілетін... Ой құшағында келе жатып ол кездейсоқ жағалауда ес-түссіз жатқан бір жас адамды көріп қалды. Түрлі соққылардан беті күп болып ісіп кеткендіктен, оның кім екенін ажырату мүмкін болмаса да, азиялық екенін бірден білді. Мигрант дейін десе, «табыссыз» бұл қалаға ондайлар жоламайтын және үстіндегі әбден жыртылған киімінің өзі де оның гастрабайтер емес екенін көрсетіп тұрды.

Жасы өз баласымен қатарлас жігіттің әлі де тірі екенін байқаған ол тез «Жедел жәрдем» шақырып, шамасы келгенше алғашқы көмекті көрсете бастады. Сол кезде жас жігіт белгісіз тілде сандырақтай бастады. Оның арасынан айел тек «Якут», «Фура» деген сөздерді ғана түсінді. Дәрігерлер де тез келіп, белгісіз жігіт жергілікті ауруханаға жеткізілді. Баласын есіне түсіріп жібергеннен бе, судья ханым оған барынша алаңдап дәрігерлерден қайта-қайта жағдайын сұрап жатты.

Осы жағдайдың жай-жапсарын тез анықтауға кіріскен жергілікті полиция, оқиға орны мен жігіттің киімдерін жақсылап тексергеннен, жеке басын айғақтайтын ешбір құжат таба алмады. Саусақ таңбасы да ішкі істер базасынан шықпады және күп болып ісіп кеткен бет-әлпеті туған анасы да танымастай өзгеріп кеткендіктен, фотосуреті арқылы жеке басын анықтау да мүмкін болмады. Сондықтан жергілікті полиция оған сырттай «Якут» деген есім берді.

Дәрігерлер жігіттің алған жаракаты адам соққысынан емес, судағы тастарға ұрылғандықтан болған деген болжам жасады. Қанынан алкогольдің аз ғана мөлшері табылғандықтан, жас жігіт осы қаланың тұсынан өтіп бара жатқан фура-лардың бірінен мас болып түсіп қалып,

байқаусызда суға түсіп кеткен деген болжам жасалды. Өзеннің жоғары жағында орналасқан Рудный гигант қалашығына жіберілген сұраудан да пайда болмағандықтан және соңғы бір-екі күнде жақын аймақта азиялық нәсілдегі қандай да бір адам жоғалғандығы туралы хабарлама

де құжаттарды жазып отырса, екіншісінде адамдармен әңгімелесіп отырады...

Осылайша күндері біртіндеп өтіп жатқанда, бір күні таңертең жұмысына жақын жерге бір фура келіп тоқтады.

# «ЯКУТ»



түспегендіктен ол осы қалаға жақын жердегі федералдық маңыздағы жолдың бойына тоқтаған көліктен түскен шығар деген жорамалдар жасалды. Ақырында үш күндей осы бағытта жұмыс істегенмен, еш нәтиже шығармаған полиция істі «ашылмаған істер санатына» жатқыза салып, бар назарын басқа өзекті мәселелерге аударған еді.

Дәрігерлер басына біраз соққы тигендіктен жігіттің жадынан айырылуы мүмкін екенін, қашан есін жиятыны белгісіздігін де айтты. Бір аптадан соң «Якут» есін жиғанмен, шынымен де кім екенін есіне түсіре алмады. Полицияның сұрақтарын түсініп, орыс тілінде еркін әрі таза сөйлегендіктен, оны шынымен сібір халқының өкілі-ау деген болжамдар жасалды. Судьяның талабымен оған ұқсас адамның бар-жоқтығын анықтау үшін Саха республикасына сұрау жіберілген еді. Алайда еш нәтиже болмады.

Қалалық полиция бөлімі бастығының орынбасары, подполковник Николай Седов Якутты басынан жақтырмағандықтан, жағымсыз ойлар айта бастады. Ал оның тікелей бастығы, полковник Андрей Иванов орынбасарының бұл қылығына оның судья ханыммен арадағы тегіретінінен деп ойлады. Қолы таза емес подполковник пен принципшіл судья арасында қылмыстық істерге қатысты талай мәрте айқай болып, оларда көбінесе Надежда жеңімпаз болып шығатын. Сондықтан Андрей Иванов орынбасарының бұл қылығына таң қалмай, оған ол ойдан аулақ жүруді қатаң тапсырды және егер де Якутка қандай да бір зиян келсе, онда ол сол заматта жұмысынан жай ғана шығып кетпей, арнайы баппен органнан қуылатынын да ескертті. Седов бастығының бұлай деуін, судья Мишкинаның күйеуімен кезінде милиция мектебінде бірге оқығанымен байланыстырды. Және ол қылмыскерлермен болған атыста қайтыс болғанға дейін бір мекемеде бірнеше жыл қызмет атқарған. Полковник орынбасарының бір-нәрсені айта алмай тұрғанын сезіп, оған отты көзімен бір қарағанда аныаң үні бірден өшті.

Якут ауруханада жақсы ем қабылдап, тәуір болғанмен, жадын қалпына келтіре алмады. Ол анасындай қамқорлық жасаған Надежданың өз үйінде тұруға шақырған өтінішіне қарамастан, дербес күн көруге бел бұды. Амалы таусылған судья оған қызмет орнына жақындау жердегі аула сыпырушылықты тауып берген еді. Якут байқамағанмен, Мышкина ханым оны күнде сыртынан бақылап жүрді.

Уақыт өте келе Якут өзін сібірлік ұлт өкілі еместей сезіне бастады. Ол күнде түсінде тайга және бұғыларды емес, белгісіз далалар мен ыстық жерлерді және әртүрлі адамдарды көретін. Бірде мекеме-

Жүргізуші мен серігінің әлденеге қатысты өзара ренжісіп жатқаны түрлерінен көрініп тұрды. Ақыры анау айтқандай жұмысы жоқ Якут қызықтап көлікке жақындағанда, көлік есігін ашып отырған жүргізуші түшкіріп қалды. Бұл байқаусызда «Сау бол!» деп айтып қалып еді, анау да «Рақмет!» деді. Үшеуі бір-біріне жалт қарады! Ана екеуі «Қазақ екенсің ғой!» деп қуанып кетіп, бұныммен сөйлесіп кетті.

Түсінгені, олар Санкт-Петербургке бара жатқанда бір адамдар осы қала арқылы тез жетуге болады деп жол көрсеткен. Сол сөзге сенген екеуі жолдан адашып кетіпті. Якут оларға федералдық жолға қалай шығу керектігін жақсылап түсіндіріп жіберді. Оған риза болған «дальнобойщиктер» бірге суретке түсуге ұсыныс жасаған. «Кейін елге барғанда Солнокаменскіде қандасымыз бар деп айтып жүрміз» деген екеуі. Бұл да маз болып қалғанмен, сонда да есіне өткен өмірінен ешнәрсе түсіре алмады. Түсінгені ол якут емес, қазақ екен! Бірақ бұл туралы ол әзірге ешкімге ешнәрсе айтпауға бекінді.

Сол түні ол екі адам болып бір жүк көлігінде келе жатқаны туралы түс көрді. Жолда бузылған көпір жанында бір адам бұларға айналма жолды көрсетемін деп көліктеріне мінгендей. Содан орман ортасындағы адам жүрмейтін жолда бұларды біреулер тоқтатты. Сол кезде бірден оянып кеткен ол бәрін де есіне түсірді...

Қазақстанның оңтүстік шетінде орналасқан Шауақты поселкасы, аудан орталығы еді. Аудан халқы негізінен диқаншылықпен айналысып, жыл сайын ерте пісетін бау-айнаша дақылдарын Ресей мен Еуропа елдеріне тасымалдаумен айналысады. Содан жергілікті газетте жұмыс істейтін журналист Жомарт Үмітбекті редакторы, бір «дальнобойщикке» серік етіп командировкаға жібермек болды. Ол ауданда өсірілген бақша дақылдарын «шетелдіктердің қалай таласа-тармаса сатып алып жатқаны туралы» арнайы репортаж жасауы, сондай-ақ, сол өнімнің сауда сөрелеріне жеткенше диқандардың қандай қиындықтарды бастан кешіретіндері туралы да жолсапар очерк жазуы керек еді. Алайда, ерте көктемге жоспарланған сол командировка түрлі себеппен тек шілденің ортасында ғана жүзеге асты. Солайша жергілікті жерде өсірілген жүзімнің таңдаулы сортын Санкт-Петербургке апару жатқан бір фура жүргізушісі Серікке Жомарт «слесарь» болып жолға шықты.

Бұлар Ресей аумағына кіріп, оның солтүстік астанасына жетуіне бір күндей қалғанда көпірде жөндеу жұмыстары жүріп жатқандықтан, амал жоқ айналма жол іздеуге мәжбүр болды. Сол кезде көпір маңында тұрған бір жас жігіт оларға егер Санкт-Петербургке дейін тегін алып кететін болсаңыздар төте жолды көрсе-

темің деді. Бұлар «Навигатор арқылы сол жолды көрсетіп бері» дегенде, оның орман арасынан өтетін ескі жол болғандықтан, дұрыс бағытты тек көлікте отырып көрсете алатынын айтты. Жүргізуші тауарды уақытында апаруы керек болғандықтан, амал жоқ, оның ұсынысына көнді.

Өзін «Якуттың» деп таныстырған жолсеріктері сөзуар болып көрінгенмен,

салмады ма! Сонда бүйітіп қиналмас едік!» десе, екіншісі «Бізден құтылғанмен, «Әулие» бүкіл полицияны жұмылдырып оны тез тауып алады, саспа!» деп жауап берді.

«Сонда оның ашуына тиіп, якут секілді арам қатармыз, одан да екіншісін де өлтірдік деп айта салайық» деген біріншісінің ұсынысына екіншісі келісе кетті. Сол ақылға келіскен екеуі біраз жерге қарай ұзады-ау дегенде, Жомарт Серіктің енді ажал құшқанын түсініп, өзі де бақылық болмай тұрғанда бұл жерден алысқа ұзайын деп суды жағалап жүгіре жөнелді. Бірақ, жүріп бара жатқанда аяғы шалынып, өзенге күмп ете қалды. Онда терең болмаса да ағыны қатты өзен оны біраз жерге дейін апарып тастады. Тастай суық судан бөлек, ол судағы тастарға соғылып жүріп, әрең жағалауға шықты.

Бір кезде көзін ашса таң жайлап атып, жан-жақтағы заттар анық көріне бастады. Түні бойы өзенмен алысып жүргеннен бүкіл денесі суықтан қалыңдаса, түрі ісіп кеткендіктен адам танымастай болып қалыпты. Жан-жағына жайлап қараса, дәл қасында жарты шиша арақ жатыр екен. Денесіне қан жүгірту үшін бір-екі ұрттап еді, аш қарынға түскен сапасыз алкогольді ағзасы көтере алмай есінен ауа бастады.

Қолындағы шишаны лақтырып тастап, сумен есін жиып алмақ болған ол көп өтпей әлсіздіктен есінен танып құлады. Міне сол кезде оны судья көріп қалып еді. Егер де оған дер кезінде медициналық жәрдем көрсетілгенде, суық суда ұзақ жатуы және судағы тастардың соққысы мен сапасыз арақтың салдарынан тек жадынан ғана емес, өмірінен де айырылуы мүмкін болатын.

Таңертең бірінші кезекте ол судья Мишкинаға барып, есіне түсірген жайдың бәрін айтып берді. Надежда оны бірден күйеуінің досы болған полиция полковнигі Андрей Ивановқа алып барып, жағдайды түсіндірді. Әңгіме барысында Жомарттың көзі қабырғада тұрған суретке түсіп кетті. Онда Серік екеуін ұстаған топтың басшысы полиция офицері формасында тұр екен. Қастарында полковник пен бір топ шетелдік адам бар. Ал қызметтік столдың үстінде періштенің шағын ғана мүсіні тұр екен. Сол кезде барып ол жағдайды түсінді...

Жомарт тамағында бірнәрсе тұрып қалғандай әрекет жасап, су сұраған соң, полковник суырмадан сусындар алмақ болып еңкейе бергенде Жомарт оның басынан сол періштенің мүсінімен бар күшімен періп кеп жіберіп, сұлатып түсірді. Мына жағдай аң-таң болып қалған судья ханымға бар жағдайды түсіндіріп бергенде, ол бұған бірден көмектесіп, полицияның қолын байлап тастады.

...Қалалық полицияда жүргізілген тергеуден соң, біраз жайлардың беті ашылды. Полковник Иванов қалада ғана емес Рудный гигант қалашығындағы қылмыс әлемін де өз орынбасары Седов арқылы басқарып отырған екен. Алайда оның нақты кім екенін тек санаулы адамдар ғана білетіндіктен, облыстық полициялар талай жылдан бері ұстай алмапты.

Тергеу барысында оның осы заңбұзушылығын біліп қойып, құпия тергеу жүргізбек болған Мишкинаның күйеуі мен оның блогер баласын да өлтірткен осы болды. Күйеуі мен ұлының шын жетеді кім екенін білген судья ханым, Жомартқа өз ризашылығын қайта-қайта білдірумен болды.

Тағы бір жақсы хабар, Серік жүргізуші де бандиттерден құтылып кетіп, айналма жолдармен елге оралыпты. Қылмыскерлер якуттың кебін киеміз бе деп оны да өлтірдік деп бастықтарына өтірік айтқан екен. Серік елге жеткен соң, полицияға барлық жайды айтқанмен, қазақстандық әріптестеріне подполковник Седов жалған ақпарат жіберіп, Жомартты іс-түзсіз жоғалды деп жауап беріпті.

«Жомарттың тірі екенін бастығыма ең басында айтып, көзін құртып жібергенімізде мұндай жағдай болмас еді-ау. Енді қарашы, «темір тордың аргы бетіне» өзіміз отырып қалдық» – деп қатты өкінді Седов.

Осылайша елге бір жарым айдан кейін оралған Жомарт редакторына ауыл шаруашылығы, жолсапар очеркі ғана емес, сондай-ақ детектив бағытындағы материалды да ұсынды.

**Қалмұрат ДӘУЛЕТБАЕВ,**  
Жетісай ауданы,  
Түркістан облысы.

### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансапа Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)

«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
Жеке таралым 5527 дана  
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №134 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын [ZANMEDIA.KZ](http://ZANMEDIA.KZ) сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31